

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Дипломатия институты

Қолжазба құқығында

Ақанова Айжан Бахтыбекқызы

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕАЭО САЛАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДИПЛОМАТИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ**

«7М03111 – Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы
«7М031 Әлеуметтік ғылымдар» бағыты бойынша дайындық

Халықаралық қатынастар магистрі
дәрежесін алуға арналған магистрлік жоба

Ғылыми жетекші _____Джолдыбаева Эльмира Есенгельдиевна, PhD,
доцент

Жоба қорғауға жіберілді: «_____» _____ 2023 ж.

Дипломатия институтының директоры _____Волков Алексей Юрьевич

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ.....	8
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....	9
1 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯ КОНЦЕПЦИЯСЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ.....	10
1.1 Экономикалық дипломатия ұғымы мен оның маңыздылығы.....	10
1.2 Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясының қалыптасуы мен дамуы.....	17
2 ЕАЭО ШЕҢБЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАСЫ....	29
2.1 ЕАЭО-ның интеграциялық даму ерекшеліктері.....	29
2.2 ЕАЭО алаңында Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясының тиімділігі және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар.....	40
ҚОРЫТЫНДЫ.....	49
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	51
ҚОСЫМША.....	58

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 шілдедегі № 565 қаулысы;
2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 936 қаулысы;
3. 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы;
4. 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы;
5. 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру: табыстарды және өмір сапасын арттыру» Жолдауы;
6. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 741 Жарлығы;
7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы;
8. «Сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамын «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы деп қайта атау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі № 663 қаулысы;
9. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;
10. Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V Заңы;
11. «Тарифтік емес реттеу шаралары туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімі;
12. ЕЭК алқасының 26.07.2016 № 83 «Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығы үшін елеулі маңызы бар және оларға қатысты ерекше жағдайларда уақытша тыйым салулар немесе экспорттың сандық шектеулері енгізілуі мүмкін тауарлардың тізбесін бекіту туралы» шешімі;

13. ЕЭК Алқасының 2012.05.16 № 45 «Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің үшінші елдермен саудада әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салу немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне арналған қорытындының (рұқсат беру құжатының) бірыңғай нысаны туралы» шешімі;
14. ЕЭК Алқасының 06.11.2014 № 199 «Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензия беруге өтінішті ресімдеу туралы Нұсқаулық туралы және осындай лицензияны ресімдеу туралы және тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына рұқсатты ресімдеу туралы» Нұсқаулық туралы» шешімі
15. ЕЭК Алқасының «Тарифтік емес реттеу шараларын қолдану туралы» 19.04.2016 № 34 шешімі;
16. «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асырудың ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы» 2020 жылғы 20 шілдедегі № 213-ФЗ Федералдық заңы;
17. ЕЭК Кеңесінің 2021 жылғы 05 наурыздағы № 10 Нұрсұлтан қ. зергерлік және басқа да бұйымдарды сынауға, талдауға және таңбалауға қойылатын талаптар туралы шешімі;
18. «ЕАЭО-ның 2025 жылға дейінгі цифрлық күн тәртібін іске асырудың негізгі бағыттары» ЖЕЭК 2017 жылғы 11 қазандағы № 12 құжаты;
19. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы;
20. ЕАЭО шеңберіндегі өнеркәсіптік саясатты мүше мемлекеттер Үкіметаралық Кеңестің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 9 шешімі;
21. 2020 жылы 9 қарашада № 354-ФЗ ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЕАЭО	- Еуразиялық экономикалық одақ
ЕЭК	- Еуразиялық экономикалық комиссия
ДБ	- Дүниежүзілік банк
ДСҰ	- Дүниежүзілік сауда ұйымы
ТҰК	- Трансұлттық компаниялар
ЕО	- Еуразиялық одақ
СІМ	- Сыртқы Істер министрлігі
ИИДМ	- Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
ТШИ	- Тікелей шет ел инвестициясы
ЕДБ	- Еразиялық Даму банкі
ЖІӨ	- Жалпы ішкі өнім
ПИР	- Пәкістан Ислам Республикасы
АҚШ	- Америка құрама штаты
АЕК	- Айлық есептік көрсеткіш
КТС	- Корптивтік табыс салығы
АЭА	- Арнайы экономикалық аймақ
ҚҚС	- Қосылған құн салығы
МЛН	- Миллион
МЛРД	- Миллиард

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Бұл зерттеудің өзектілігі, біріншіден, экономикалық дипломатия бойынша отандық әдебиеттердің өте аз болуына және оның қазақ тілінде мүлдем болмауына байланысты ұғымды толықтай түсіндіру арқылы талдау және зерттеу. Экономикалық дипломатияның жалпы ұғымы экономика, саяси, дипломатия, сыртқы саясат саласына алып келеді. Осы ретте, бір жүйе ретінде әдіснама кестесі арқылы ашып түсіндіру өзекті болып табылады.

Екіншіден, Қазақстанның экономикалық дипломатиясының қалыптасуы бойынша толыққанды ақпаратты ұсыну арқылы зерделеу. Экономиканың дипломатиялық бағытын нығайту Қазақстан Республикасы үшін маңызды да әрі өзекті мәселе болып табылады. Еліміздің алғашқы жылдарынан бастап сыртқы саясатқа көңіл бөлу, экономиканы күшейту – мақсаты тұрды. Осы бағытта өзгерістерді зерттеу арқылы мемлекеттің алдына қойылған стратегиялық мақсаты айқындалады.

Үшіншіден, ЕАЭО-ға талдау беру арқылы ұйым шеңберінде Қазақстанның экономикалық дипломатиясының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар ұсыну. Бүгінде ЕАЭО-ны дамыту күрделі дағдарыс. Себебі, ЕАЭО қатысушы елдері Ресей мен Беларуське қатысты әлеуметтік, саяси және экономикалық санкциялар жағдайында жүргізіліп жатқанын ескеру қажет. Осыған байланысты, ЕАЭО алаңында бірлескен жобаларды іске асыру санкциялық сипаттағы тәуекелдермен ұштасады. Осы ретте, аталған жалпы экономикалық шектеулер жаңа мүмкіндіктер ашады, оның ішінде Қазақстан алдында көпвекторлы сыртқы саясат жүргізеді және барлық тараптармен достық қарым-қатынасты қолдайды. Еліміздің әл-ауқатының өсуін қамтамасыз ету үшін барлық құралдарды, оның ішінде ЕАЭО тұтқаларын барынша және тиімді пайдалану міндеті тұр.

Әлемдік экономиканың қазіргі даму кезеңінде, ол байланыстардың жаһандануы жағдайында экономикалық дипломатия халықаралық экономикалық қатынастардың жаңа тұлғасын қалыптастыруға өзінің қатысуын арттырып келеді. Халықаралық қатынастың үдемелі дамып келе жатқан бағыттарының бірі ретінде экономикалық дипломатия сұранысқа ие болып қала береді.

Магистрлік жобаның мақсаты – Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясының дамуы мен қалыптасуына талдау және ЕАЭО шеңберінде оның тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі **міндеттер** қойылды:

- экономикалық дипломатия ұғымын сипаттау және оның маңыздылығын анықтау;
- Қазақстандағы экономикалық дипломатияның қалыптасуы мен дамуын зерделеу;

- ЕАЭО экономикалық ұйымында Қазақстан Республикасының орны мен маңыздылығын айқындау;
- ұйым шеңберінде Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Экономикалық дипломатиясының маңызды субъектісі мен объектісі ретінде Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мемлекеттің халықаралық қызметінің ажырамас бөлігі болып танылатын Қазақстанның ондағы орны ерекше. Аталған интергациялық қауымдастықтың құру себепшісі де Қазақстан болып табылады.

Ғылыми жаңалық экономикалық дипломатияда жүргізіліп жатқан шараларды ескере отырып, ЕАЭО-да Қазақстанның экономикалық дипломатиясының рөлін кешенді тұжырымдау мақсатында келесіден тұрады:

- оның сипаттамасы отандық әдебиеттерде өте сирек кездесуіне және де қазақ тілінде арнайы әдебиеттердің мүлдем жоқ болуына байланысты бір тұтасты жинақталып, зерттелген жұмыс ұсынылды;

- экономикалық дипломатия тар мамандырылған бағыт болғандықтан, шет ел әдебиеттері мен мақалаларын кең пайдаланылып, толыққанды түсіндірілді;

- Қазақстанның экономикалық дипломатиясына жан-жақты талдау жасалынды;

- ЕАЭО-ға талдау беру арқылы ұйым шеңберінде Қазақстанның экономикалық дипломатиясының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Бұл жобаның маңызы зор, өйткені Қазақстан аумағы үлкен, стратегиялық орналасқан жері және бай табиғи-ресурстық базасы, сыртқы саясаттағы экономикалық дипломатияның басымдығы бар ел болып табылады. Осы ретте, Ресей және Украина қақтығысының салдарынан Қазақстанның әлемдегі орнын, яғни бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және халықтың әл-ауқатының тұрақты өсуін қамтамасыз ету қажетті қадамы тұр.

Тиімді құрылған экономикалық дипломатия арқылы Қазақстан халықаралық ұйымдарда белсенді қатысушы, ірі экономика және Орталық Азия өңіріндегі тікелей шетелдік инвестицияларды алушы болып қала береді. Қазіргі жағдайда дипломатияның осы бағытын дамыту перспективалы және өзекті болып табылады.

ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Зерттеудің тұжырымдамалық аппаратын анықтау үшін И. Мавлановтың [1], Ю. Шишкованың [4], А. Лихачевтың [7], В. Щетининнің [12], экономикалық дипломатия бағыты бойынша негізгі түсініктер беретін еңбектері зерттелді. Қазақстанның экономикалық дипломатиясының қалыптасуы туралы ақпараттарды Н. Назарбаевтың [18], К. Тоқаевтың [19], Т. Сулейменовтың [24], Г. Арыстанқұлованың [17] еңбектерінен, Б. Атамқұловтың [32] жаңалық кеңістігінде берілген сұхбаттарынан, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары және нормативтік актілерден зерделеп алынды. ЕАЭО бойынша өзекті мәселелерді Н. Нартов [13], Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты сарапшыларының арнайы басылымдары [21], [27], С. Кушқумбаевтың мақалаларында [28] және ЕАЭО ресми сайт желісінен қарастырылды. Қазақстанның ЕАЭО-да орны мен оған баға беру сарапшы мамандары Т. Вааль [34], А. Мұрат [40], А. Каримова [41] мақалаларынан алынды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентінің [46], [100], Премьер-Министрінің [42], [83], [99]

Сыртқы істер министрлігінің [47], Сауда және интеграция министрлігінің [35] және Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігінің [48] және Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігінің [89] ресми сайтынан Қазақстанның көршілес елдермен тауар айналымы мен қарым-қатынасы жөнінде толыққанды ақпарат алу мүмкіндігі болды. Қазақстанның экономикалық дипломатиясының құрамдас бөлігі ретінде инвестицияны тарту және экспорттың мөлшерлемесі бойынша статистикалық мәліметтер Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінен [86], Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің [38], [39] ресми сайтынан, Азиялық даму банкі [73] ресми сайтынан және де Ресей Федерациясының Ұлттық Банкінің [80] ресми сайтынан алынды.

Экономикалық дипломатияға қатысты қазақ тілінде еңбектердің болмауына байланысты, көбіне Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары және нормативтік актілерден іздеу жұмысы жасалды. Осылайша, экономикалық дипломатия, Қазақстанның экономикалық дипломатиясы, Қазақстанның ЕАЭО экономикалық дипломатиясының қалыптастыру ана тіліндегі бірегей әдебиеттің жоқтығына байланысты осы бағытта шет ел жаңалықтары мен мақалаларынан ізденісті қажет етті. Атап айтқанда, осы салада түбегейлі зерттеулердің жетіспейтіндігін айғақтайды.

Сонымен қатар, ЕАЭО Қазақстанның экономикалық дипломатиясына талдау, ілгерілету мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі өкілдерінің ресми мәлімдемелерінен зерделенді.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Зерттеу жұмысында халықаралық қатынастар саласында кеңінен қолданылып жүрген тақырыптық және мазмұндық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, зерттеуші жинақталған ақпаратты талдау барысында салыстырмалы, жүйелі және статистикалық әдістер пайдаланады.

Еуразиялық Экономикалық Одақтағы Қазақстанның экономикалық дипломатиясының ролін зерттеу және түсіндіру үшін бұл жобада ресми құжаттардан, мемлекеттік шенеуніктердің мәлімдемелерінен немесе ескертулерінен бастап газет мақалаларына дейін әртүрлі дереккөздер талданды. Зерттеудің ақпараттық базасын әлемдік дипломатия, әлемдік экономика, халықаралық экономикалық интеграция бойынша ресурстары құрады:

- отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері;
- ЕАЭО мүшелерінің мемлекеттік органдарының нормативтік-құқықтық актілері;
- Мемлекеттер Достастығы мемлекетаралық статистикалық комитетінің,
- Еуразиялық экономикалық комиссияның есептік, статистикалық және ақпараттық деректері;
- ҚР Премьер-Министрінің және ҚР Орталық органдарының ресми ақпараттық ресурстары құрады.

Сондай-ақ зерттеуде Дүниежүзілік банктің (ДБ), Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) әзірлемелері, ашық баспасөзде және интернет-басылымдарда жарияланған зерттеу тақырыбы бойынша басқа да материалдар пайдаланылды.

1 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯ КОНЦЕПЦИЯСЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

1.1 Экономикалық дипломатия ұғымы мен оның маңыздылығы

Кез-келген елдің халықаралық қатынастар жүйесіндегі көрінісі оның экономикасымен айқындалады және оның ұстанымы дипломатиясының жетістіктеріне байланысты. Яғни мемлекеттің ұлттық экономикалық мүдделерін жүзеге асыру және экономикалық қауіпсіздікті дипломатиялық әдістермен қорғау маңыздылығы экономикалық дипломатия ұғымына алып келеді.

Осы орасан зор байланыстар кешені шеңберінде экономикалық дипломатия әрекет етуге арналған. Бұл әлемдік деңгейде ұлттық экономикалық мүдделерді іске асыру және экономикалық қауіпсіздікті дипломатиялық әдістермен қорғау жөніндегі қызметті білдіреді [1, 16 б.].

Халықаралық экономикалық өзара іс-қимылдың алғашқы және кең таралған түрі халықаралық сауда болғандықтан, экономикалық дипломатия бастапқыда сауда дипломатиясы ретінде түсініктеме берілгені заңды [2, 454 б.].

Жалпы, әртүрлі елдер дипломатиясының бүкіл ғасырлық тарихы, оның қалыптасуы мен дамуы халықаралық экономикалық қатынастармен тығыз байланысты. Өнеркәсіптік революцияға дейін де кең халықаралық байланысы бар қаржы институттары ортағасырлық сауда қалаларында – Венецияда, Барселонада, Генуяда болған. XVII ғасырда тиісті еуропалық монархтар (Англия, Голландия, Дания, Испания) өз елдерінің саяси мүдделерін белгілі бір шетелдік аумақтарда жүзеге асыру құқығын берген бірқатар сауда компаниялары пайда болды. Экономикалық мүдделер мемлекеттік билік сүйенетін тірек нүктесінің дипломатиясы үшін қызмет ете бастады [1, 22 б.].

Дипломатиялық қызметтің бағыты ретінде экономикалық дипломатияның элементтері жаңа құбылыс емес. Олар «классикалық» дипломатиямен қатар пайда болды және дамыды. Ғылымда экономикалық дипломатияны дамытудың үш кезеңге бөліп көрсетеді (кесте 1).

Кесте 1 - Экономикалық дипломатияның тарихи даму кезеңдері

Кезең	Мазмұны
1. Экономиканы қорғайтын дипломатия	Дипломатия шетелде, әрдайым қауіпсіз, қонақжай немесе өркениетті емес жерлерде болғандарға көмек көрсетіп, экономиканы қорғауда болды
2. Экономикаға қызмет етуші дипломатия	Ғасырлар бойы дипломатия экономикаға әр түрлі жолдар арқылы қызмет етіп, бастапқыда сауда жолдарының еркіндігіне кепілдік берді. Содан кейін сату нарықтарын, колониялар мен ықпал ету аймақтарын ашуға ықпал етіп, сауда келісімдерін дайындады және сауда фирмаларының қызметін белсенді қолдады
3. Экономиканы өз	Дипломатия экономиканың көмегіне жүгінеді, ол өз

қызметіне дипломатия	қойған	кезегінде сыртқы саясатқа көмектеседі. Қоғамның барлық салаларында экономика алатын орын анықталды. Экономика дипломатияның құралына айналды.
Ескерту – автор дереккөз бойынша құрастырған [1, 31 б.]		

Шынында да, тарихи тұрғыдан консулдықтар ең алдымен сауда мүдделерін қамтамасыз ету үшін пайда болды. Сол кездегі үкіметтік дипломатия сауда жолдарының қауіпсіздігін, колонияларды жаулап алу мен ұстап қалуды, сондай-ақ ықпал ету салаларын белгілеуді, сауда келісімдерін жасасуды және өз кәсіпкерлеріне белсенді қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге арналған. Дипломаттардың көмегімен көптеген сауда қатынастары құрылды [3, 25 б.].

Әлемдік нарықтарда жалпы ойын ережелерінің болмауынан компаниялар кәсіпкерлерін қолдау үшін қабілетті дипломатиялық аппараты бар үкіметке көмек сұрауға мәжбүр етті. Мұның бәрі мемлекеттің сыртқы экономикалық байланыстарға ықпалының артып келе жатқанын көрсетті, бұл өз кезегінде дипломатияға сыртқы саясатты жүзеге асыру тетігі ретінде нақты экономикалық өлшем берді. Экономикалық саясат бойынша арнайы департаменттер құру қажеттілігі туындады. Мұндай жағдайда экономикалық дипломатия ерекше маңызға ие бола бастады [4, 26 б.]

Халықаралық экономикалық саладағы дипломатия функциясының кеңеюі және басқа да мәселелердің көзге енуі әлемдік экономиканың құрылымын барлық деңгейлерде: ұлттық, аймақтық, жаһандық деңгейде дамыту мен жаңғыртудың заңды процесі болды. Бірнеше онжылдықтар ішінде мемлекеттік құрылымдар мен мекемелер орындайтын сыртқы экономикалық саладағы функциялар айтарлықтай өзгерді. Атап өтілгендей, қазіргі экономикалық дипломатия мыналарға бағытталған:

- халықаралық экономикаға ұлттық құрылымдардың қатысу нысандары мен әдістеріне мемлекеттік жәрдемдесу;
- әлемдік нарықта ұлттық экономикалық мүддені ілгерілету және ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- сыртқы экономикалық саясатты іске асыру бойынша өз функцияларын орындау;
- елшіліктер, Министрліктер және арасында консультациялар өткізу кезінде экономикалық мәселелердің рөлін арттыру [1, 28 б.]

Осылайша, экономикалық дипломатия ағымдағы және жақын болашаққа бағытталған сыртқы экономикалық міндеттерді шешуге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар алыс әлеуметтік-экономикалық перспективаларды бағалау сипатына әсер етеді. Экономикалық әдебиеттерде және халықаралық экономикалық қатынастардың жұмыстарында бұрыннан қолданыста болса да, ғылыми әдебиеттерде «экономикалық дипломатия» ұғымының нақты және толық тұжырымы әлі жоқ. Осыған байланысты, ең алдымен, нақты тұжырымдамасын, оның ішінде ерекшеліктерін түсіну

қажеттілігі туындайды.

Экономикалық дипломатияның мағынасын көптеген шетелдік зерттеушілер анықтауға тырысты. Олардың кейбіреулері экономикалық дипломатиядан сауда-экономикалық қатынастар мен дипломатия кешенін зерттейтін ғылымды, сондай-ақ өзара әрекеттесетін және мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатына үлкен әсер ететін басқа факторларды көреді.

Қысқаша сыртқы экономикалық сөздікте, «экономикалық дипломатия – халықаралық қатынастардағы күрес пен ынтымақтастықтың объектісі мен құралы ретінде экономикалық мәселелерді арқылы дипломатиялық қызметті реттеу саласы» делінген. [5, 220-221 б.]. Экономикалық дипломатия жалпы дипломатия сияқты сыртқы саясат пен мемлекеттің халықаралық қызметін реттеуші бөлік болып табылады.

Анықтай келе, сыртқы саясатта экономикалық дипломатия өзіндік бағыт ретінде қарастырылған жоқ. Ол тек халықаралық қатынастардың бөлігі ретінде, объектісіне немесе субъектісіне қатысты болды. Мамандандырылған «Дипломатиялық сөздікте» де [6] «экономикалық дипломатия» ұғымы жазылмаған. Бірақ экономикалық дипломатияның қазіргі тұжырымдамасымен байланысты фактілер мен терминдер жеткілікті.


А. Е. Личахевтың «Жаңа қиындықтар мен мүмкіндіктер. Ресейдің экономикалық дипломатиясы» атты кітабында экономикалық дипломатияға терминологияны толықтай түсініктеме негізінде берілген. Атап айтқанда, «экономикалық дипломатия – дәстүрлі және қазіргі заманғы дипломатия құралдарын, отандық сыртқы экономикалық институттар кешенін, өңірлік және көпжақты құрылымдарды пайдалана отырып және елдің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруды өз мақсатына қоятын әлемдік экономика жүйесінде ұлттық экономикалық мүдделерді іске асыру жөніндегі мемлекеттің, қоғамдық және іскер топтардың бірлескен қызметі» делінген [7, 12 б.].

«Стратегия-2050» аналитикалық-шолу порталының түсіндірмесіне сүйенсек, «*Экономикалық дипломатия*» қызметі елге шетелдік инвестицияларды тарту делінген. Бүгінгі таңда мемлекеттердің сыртқы саясатын экономизациялау үрдісі қалыптасты. Осыған байланысты әлемдік саясат пен экономика арасындағы шекаралар жойылды деп айтуға болады. Сыртқы саясат саласындағы дипломатиялық құралдар экономикалық байланыстарды халықаралық реттеуге ықпал етеді. Бұл тұрғыда экономикалық дипломатия басым жағдайға ие болады [8].

Экономикалық дипломатияның мақсаты – жергілікті өндірушілердің тауарлары мен қызметтерінің *шетелдік нарықтарға шығуы үшін қажетті жағдайлар жасау*, елдің стратегиялық және экономикалық мүдделерін халықаралық аренада ілгерілету, сондай-ақ елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу, әлемдік бәсекеге қабілеттілікті арттыру, шетелдік капиталды тарту, ұлттық және экономикалық қауіпсіздікке кепілдік беру [9].

Экономикалық дипломатияны талдау және зерттеу әдіснамасының

жалпы кестесі Өзбекстанның халықаралық экономика және дипломатия Университетінің экономика ғылымының докторы И. Р. Мавлановтың «Экономикалық дипломатиясы» кітабында ұсынылған (Сурет 1).



Сурет 1. Экономикалық дипломатияны талдау және зерттеу әдіснамасының жалпы кестесі

Ескерту – автор дереккөз бойынша құрастырған [1, 35 б.]

Өз кезегінде «Экономикалық дипломатия» ұғымының қалыптасуына талдау кестесін толыққанды түсіндіру мақсатында жеке тоқталынады. Алдыңғы сатыдағы түсінікке сүйенсек *экономикалық дипломатияның объектілері* деп санауға болады: тауарлар мен қызметтердің халықаралық саудасы; капитал қозғалысы, оларға инвестициялар жатады; жұмыс күшінің көші-қоны; технологиялармен алмасу және өндіріс пен ғылыми-техникалық жұмыстардың халықаралық мамандануы; ғылыми-техникалық ақпаратпен алмасу; елдер арасында валюталық-қаржылық және кредиттік байланыстар; халықаралық және өңірлік экономикалық ұйымдардың қызметі [1, 35 б.].

Ғылыми еңбектерде *экономикалық дипломатияның субъектілері* әртүрлі сипатталған. Н. Н. Ливенцев оларды халықаралық экономикалық қатынастардың қатысушылары мен формалары деп атайды [10, 380 б.]. Тағы бір ресейлік ғалым Д. К. Лабин экономикалық дипломатия субъектілерін

құқықтық тұрғыдан қарастыра отырып, оларды халықаралық экономикалық қатынастардың қатысушылары немесе операторлары деп атайды [11, 40 б.].

Үкіметтер көбінесе халықаралық қаржы нарықтарында тауарларды экспорттаушылар мен импорттаушылар, қарыз алушылар ретінде халықаралық экономикалық қатынастарға тікелей қатысатын *экономикалық дипломатияның негізгі субъектілері* болып табылады. Бірақ әлемдік экономика үшін халықаралық экономикалық қатынастардың субъектілері өз институттары, заңдары, экономикалық саясаты бар мемлекеттер болып табылатындығы одан да маңызды. Халықаралық экономикалық қатынастарды реттеу мемлекеттерге маңызды әсер етеді.

Экономикалық дипломатияның субъектілеріне мемлекеттерді (үкіметтер және олардың органдары елшіліктер, консулдықтар), мемлекеттердің халықаралық ұйымдары мен бірлестіктерді, кәсіпорындар мен коммерциялық емес ұйымдар, ТҰК, үкіметтік емес ұйымдар және жеке тұлғаларды жатқызуға болады. Әр түрлі елдерде әртүрлі министрліктер мен ведомстволар экономикалық дипломатияның субъектілері бола алады: Сыртқы істер, экономика, сауда, қаржы министрлігі және т. б. мемлекеттік қатысудың нұсқалары әр түрлі болуы мүмкін:

- орталық министрліктер мен ведомстволардың операцияларды тікелей жүзеге асыруы;
- өңірлік және муниципалдық басқару органдарының операцияларды жүзеге асыруы, оның ішінде сыртқы нарықта өнімді мақсатты сатып алу және сату;
- жекелеген кәсіпорындарға, фирмаларға, коммерциялық және банктік құрылымдарға, оның ішінде жекеменшік құрылымдарға нақты операцияларды жүзеге асыру, белгілі бір сыртқы экономикалық мәмілелер жасау бойынша өкілеттіктер беру;
- экспорттық-импорттық операцияларға кепілдік беру;
- шетелдегі отандық бизнес өкілдеріне көмек көрсету, кеңес беру және инвестицияларды тартуда жәрдемдесу [12, 39 б.].

Экономикалық дипломатияның формалары *екіжақты, көпжақты және аймақтық* болып бөлінеді. Оның *құқықтық қамтамасыз ету* міндетті талаптардың бірі болғандықтан бірге қарастырылады.

Екіжақты преференциялық сауда келісімдерімен, өз бетінше кең ауқымды мәселелерді қамтитын еркін сауда туралы келісімдермен қатар, қазіргі заманғы екіжақты экономикалық дипломатия:

- сауда және инвестициялар туралы әртүрлі негіздемелік келісімдер (тараптар өзара сауда-экономикалық ынтымақтастықты ауқымдылықтандыруға дайын емес жерлерде);
- сауда және инвестициялар туралы әртүрлі негіздемелік келісімдер сияқты нысандарда іске асырылады;

- жаһандық/стратегиялық әріптестік (сыртқы саяси және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық мәселелерін қамтитын, оның ішінде, өңірлік нарықтар мен инфрақұрылымды дамытуда);
- тараптардың өзара іс-қимылының жекелеген салаларын реттейтін неғұрлым тар салалық және функционалдық келісімдер арқылы жүзеге асырылады [12, 38 б.].

Экономикалық дипломатия *көпжақты деңгейінде* өңірлік және әлемдік дипломатия бағытын анықтайды. Көбінесе бірлестіктер ЕО, ЕАЭС, НАФТА және т.б. құқықтық келесімдер арқылы жүзеге асырылады. Көпжақты экономикалық дипломатия географиялық деңгейге байланысты аймақтық және жаһандық деп бөлу керек, сонымен қатар жеке тауарлық (секторлық) бағытты бөлу керек.

Жаһанданудың артықшылықтарын пайдаланудың маңызды және тиімді құралы ретінде екіжақты және көпжақты құқықтық қамтамасыз етудің маңызды жолы тікелей шетелдік инвестицияларды арттыру. Өзара қолайлы инвестициялық режимді белгілейтін екіжақты уағдаластықтардың түрлері капитал салымдарын өзара көтермелеу және қорғау туралы екіжақты инвестициялық шарттар болып табылады.

Көпжақты құқықтық қамтамасыз етуде инвестицияны тартудағы рөлі интеграциялық бірлестіктердің басқа мемлекет немесе ұйымдармен қарым-қатынасы арқылы неғұрлым кең және тиімді коммерцияландыру болып табылады.

Әдетте, *аймақтық экономикалық дипломатияның* назарында нақты аймақтық проблемалар бар, ал ол ресми және бейресми сипатта болуы мүмкін. Аймақтық экономикалық дипломатияның үш негізгі бағытын бөліп көрсету керек:

- шаруашылық байланыстарды дамытуға жәрдемдесу дипломатиясы;
- практикалық іскерлік ынтымақтастық дипломатиясы;
- интеграциялық өзара әрекеттесу [13, 39-43 б.].

Дипломатияның бұл бағыттары бір-бірін толықтырады және әдетте, мемлекетаралық аймақтық бірлестіктердің қызметінде бір уақытта болады. Бірақ өзінің мәні бойынша интеграциялық бағыттағы экономикалық дипломатия экономикалық байланыстарды дамытуға жәрдемдесу дипломатиясынан немесе ішкі экономикаға қатысты комплименттік сипатқа ие және ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қозғамайтын практикалық іскерлік ынтымақтастық дипломатиясынан гөрі қатысушы елдерге жүйелі әсер етеді. Қазіргі уақытта ЕАЭО ресми сайтының мәліметтері бойынша әлемде 30-ға жуық интеграциялық типтегі мемлекетаралық бірлестіктер бар [14].

Бүгінгі таңда *көпжақты* жаһандық деңгейдегі экономикалық дипломатия, сөзсіз, экономикалық дипломатияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол негізінен *аймақтық* және *екіжақты* дипломатияның бағытын, төзімділігі мен форматын анықтайды.

Жоғарыда келтірілген анықтамалар *субъектілерге, объектілерге немесе*

ұйымдық-құқықтық механизмдерге назар аудара отырып, зерттелетін тұжырымдаманың белгілі бір элементтерін нақтылайды. Осы ретте, экономикалық дипломатияның бағытында келесідей *міндеттерді* шешу мақсаты тұр:

1. Ұлттық экономиканың әлемдік экономикада орнын нығайту, әсіресе жаңа технологиялар секторларында мүмкіндіктерді күшейту.
2. Отандық бизнестің бәсекелестік мүмкіндіктерін, құқықтарын арттыру мақсатында шетелдегі қызметке саяси көмек көрсету.
3. Ұлттық мүдделерді сақтап, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
4. Халықтың әлеуетін жақсарту, өмір сүру деңгейінің сапасын арттыру, яғни әлеуметтік қағидаттарды қамтамасыз ету үшін ең жақсы жағдайлар жасау.
5. Халықаралық экономикалық мәселелерді шешуге қатысу, себебі нарық пен нарықтық экономика тек экономикалық өсудің генераторы ғана емес, сонымен бірге басқа да мәселелердің (шикізат, азық-түлік және т.б.) көзі болды. Осы ретте, ұлттық әлеуетті жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, экономикалық дипломатияның болашағы экономикалық сипаттағы кез-келген жеке, нақты міндеттерді шешумен байланысты емес, ол елдің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған деп айтуға болады.

Экономикалық дипломатия тиісті құбылыстар мен процестерді зерттеудің әртүрлі *әдістерін* қолданады (кесте 2 қосымшада берілген). Әдетте, олар басқа ғылымдарда дамыды: саясаттану, дипломатия, тарих, әлеуметтану және т.б. халықаралық қатынастарды талдаудың әдістері мен әсіресе қолданбалы әдістері мәселесіне арналған арнайы әдебиеттер өте аз екенін атап өткен жөн. Әдістерге қатысты соңғы уақыттағы қызықты жұмыстардың бірі – К. П. Боришполецтің зерттеуі [15, 55 б.], ол саяси зерттеулердің әдістемелерін жүйелеп, осы мәселе бойынша әдебиеттердің кең тізімін берді.

Экономикалық дипломатияда қолданылатын әдістерді қарастыра отырып, осындай тұжырымдар жасауға болады. «Өзіндік» әдістердің болмауы экономикалық дипломатияны өмір сүру құқығынан айырмайды және пессимизмге негіз бола алмайды. Көптеген жаратылыстану ғылымдары басқа ғылымдармен ортақ пәнаралық әдістер мен олардың объектісін зерттеу процедураларын қолдану арқылы сәтті дамуда. Экономикалық дипломатияда ең көп таралған-бақылау, құжаттарды зерттеу, жүйелік тәсіл, модельдеу сияқты жалпы ғылыми әдістер. Онда жалпы ғылыми тәсілдер негізінде дамып келе жатқан қолданбалы пәнаралық әдістер, сондай-ақ деректерді жинау мен бастапқы өңдеудің жеке әдістері кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, олардың барлығы зерттеу объектісі мен мақсаттарын ескере отырып өзгертіліп, осы бағыттың «өзіндік» әдістері ретінде бекітіліп, жаңа

ерекшеліктерге ие болады.

Осылайша, экономикалық дипломатия әдістерін қолдану әлемдік нарықта ынтымақтастықтың қолайлы жағдайларын жасау үшін ғана емес, сонымен бірге басқа елдердің осы тетіктерді серіктестердің мүдделерімен есептелмей, олардың мүдделеріне қызмет ету әрекеттеріне қарсы күресті қарастырады.

Қорытындылай келе, экономикалық дипломатия дипломатиялық жұмыстың саяси, қоғамдық бағыттарымен де тығыз байланысты. Яғни, шетелдік кәсіпті тартуға, инвестицияларды, технологиялық ынтымақтастықты және туризмді дамытуға басты назар аударады.

Экономикалық дипломатия ұғымы стратегиялық ережелермен де, сауда, инвестиция және қаржылық саяси құралдарымен де байланысты. Бұл процестер халықаралық өмірдің барлық салаларында айтарлықтай өзгерістер тудырады. ХХІ ғасырдың экономикалық факторлары халықаралық процестерге одан да көп әсер етеді, демек экономикалық дипломатияның рөлі үнемі маңызды болады.

1.2. Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясының қалыптасуы мен дамуы

Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясын нығайту міндеті бүгінде маңызды болып табылады. Тәуелсіздікті алғаннан бастап экономикалық дипломатия халықаралық қатынастардың маңызды құрамдас бөлігі және де басқа елдер мен жаһанданудың өзара байланысының артуына, сондай-ақ проблемалардың жалпыға ортақ алаңдаушылыққа айналуына байланысты маңызды бола түсуде. Үкіметіміздің әуелі «экономика, содан кейін саясат» деген ұстанымында да маңыздылығын айқындайды.

Бүгінде Қазақстанның дамуы маңыздылығы экономикалық дипломатия арқылы көрініс табады. Атап айтқанда, шетел инвестициясы мен технологиялық үрдістерді тарту, отандық өнімдерді экспорттау, ұлттық мүдделерді қорғау және дамыған елдер қатарына қосылу мақсаты.

Қазақстан экономикасының басым секторларында шетелдік инвестициялар мен инновациялық технологияларды ілгерілету, сондай-ақ отандық кәсіпорындардың экспортқа бағдарланған өнімдерін ілгерілету Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатының негізгі элементі және сауда-экономикалық дипломатияның негізгі басымдықтарының бірі болып табылады [8].

Қазақстан Республикасының СІМ-нің тікелей қолдауымен жыл сайын елде және шетелде жүздеген іс-шаралар, сондай-ақ шетелдік іскер топтардың Қазақстанға сапарлары және қазақстандық экономикалық делегациялардың шетелге сапарлары өткізіледі.

Тұңғыш Президент қойған міндеттерді орындау үшін шетелдік

мекемелерді, инвестицияларды, экономика мен сауданы, консультанттарды, сауда өкілдерін, Инвестициялар жөніндегі кеңесшілерді, фронт-офистерді, сондай-ақ Қазақстанның құрметті шетелдік консулдықтарын қоса алғанда, елдегі және шет елдердегі СІМ-нің барлық қолда бар ресурстары жұмылдырылды. Іс жүзінде қазақстандық делегациялардың, оның ішінде ел басшылығының барлық шетелдік сапарлары, сондай-ақ шет мемлекеттер басшылары мен өкілдерінің Қазақстанға сапарлары шетелдік бизнес-қоғамдастықпен жеке кездесулерді көздейді және коммерциялық келісімдерге алып келеді [8].

Соңғы 15 жылда Қазақстан дипломатиясы үлкен серпіліс жасады, осыған байланысты қазіргі қазақстандық дипломатияның ерекшелігі мен сипаттамаларын, оның елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамытудағы, қолайлы инвестициялық ахуал құрудағы өсіп келе жатқан рөлін түсіну өте өзекті болып табылады. Бұл тұрғыда мемлекеттің сыртқы саясат жүйесіндегі ажырамас бөлігі ретінде экономикалық дипломатияның рөлі мен мәртебесін түсіну тек арта түседі.

Реформалардың қажетті шарты болып табылатын мемлекет пен қоғамның белсенді өзара іс-қимылы, сайып келгенде, азаматтық және ұлтаралық келісімге қол жеткізуді ғана емес, сонымен қатар қазақстандық саяси ұлтқа жаңа сапа беруге ықпал ететін болады. Бұл, ең алдымен, Қазақстан Республикасының әлемдік мәртебесін және оның қазіргі жаһандық әлемдегі ұлттық бәсекеге қабілеттілігін арттыруды білдіреді. Елбасының саяси стиліне тән ескі және жаңа, ұлттық дәстүрлер мен әлемдік тәжірибенің, эволюциялық көзқарас пен «серпіліс технологияларының» үйлесімі оның реформалық бастамаларының тұрақты табыстылығына ықпал етеді.

Әлемдік процестің жаһандануы ұлттық нарықты басқарудың әлсіздігіне әкелді. Бұл сыртқы әлеммен өзара іс-қимылда ел үшін экономикалық қауіпсіздіктің маңыздылығын түсінуге ықпал етті. Зерттеулер көрсеткендей, мемлекетіміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру процесі жақсартуға негізделеді.

Осы бастамаларға жауап ретінде Бірінші Президент Н. Назарбаевтың тәуелсіздік таңында ұсынған және уақытша перспективада әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің бірі ретінде 2050 жылы Қазақстанның болашағының бейнесін қалыптастыратын барлық бағдарламалық және стратегиялық құжаттары дәлел. Бұл процесте экономикалық дипломатияның рөлі, оның тиімділігі бұрынғыдан да маңызды және қажет болады.

Бұдан басқа, *қазақстандық модель және экономикалық дипломатияның ерекшелігі шетелдік инвестицияларды тартудағы* мемлекеттің белсенді рөліне негізделеді [9].

Тәуелсіздік алғаннан бастап қазақстандық дипломатияның бағыттары толықтырулар мен өзгерістерге ұшырады. Сыртқы істер министрлігі 1992 жылғы 2 шілдедегі № 565 Жарлыққа сәйкес сыртқы саясатты жүргізу ұстанымын алдыға қойды. Осы ретте, 1992 жылы «Қазақстан

Республикасының егемендігін, аумақтық тұтастығын, қауіпсіздігін, шекараларының мызғымастығын және оның халықаралық деңгейде мүдделерін дипломатиялық құралдармен және әдістер арқылы қорғауды қамтамасыз ету» деп белгіленсе, 2019 жылы «басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастардағы және халықаралық аренадағы саяси, сауда-экономикалық және басқа да мүдделерін, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыру мен мониторингілеу шараларын дипломатиялық құралдармен және әдістермен қорғауды қамтамасыз ету» деп толықтырылды [16].

Қазақстан әлемдік деңгейде таныла бастағаннан кейін дипломатияның маңыздылығы оданда арта түсіп, экономиканы көтеруге бағытталды [17, 85-88 б.]. Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабында «алғашқы жаңғырудың» дәуірі деп сипатталған. Осы ретте, мемлекет «үшжақты транзитті» бағыт қолдана отырып, яғни экономика, әлеуметтік салалары мен саяси-қоғамдық салалары арқылы жүзеге асырады [18, 508 б.].

Қ.К.Тоқаевтың сыртқы саясаттағы аса көңіл бөлетін бағыт экономикалық қауіпсіздік пен ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуде экономикалық тиімділікті табу, нарықта кәсіпкер болу және жұмыс орындардың өсуі [19, 548 б.]. Осы ретте Қазақстанның экономикалық дипломатиясы төмендегі міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған [20, 552 б.]:

- Батыста, Азияда және Таяу Шығыста өнеркәсіптер дамып, бәсекелестік ауқымы жоғары елдерден, сонымен бірге халықаралық қаржы-экономикалық институттардан инвестицияны мөлшерлі деңгейде тарту;
- экономикаға, экологияға қатысты проблемаларды шешу, әлемдік коммуникациясы дамыған мемлекеттер мен халықаралық деңгейдегі институттарды тарту;
- халықаралық саяси, экономикалық және қаржылық институттармен байланысты дамыту;
- Қазақстан Республикасы азаматтарының және ұйымдарының шетелдерде заңды мүдделерін қорғау.

Еліміздің саяси тәжірибесінде «экономикалық дипломатия» терминологиясы алғашқыда қоғам алдында 2012 жылы 5 қыркүйекте Назарбаев университетінің студенттеріне сөз сөйлегенде қолданылды. Атап айтқанда, «сыртқы саясаттағы басты назар – жаңа қатынастар мен әріптестікті дамыту, экономикалық дипломатияны жүргізу, Қазақстанның өңірлік және әлемдік қауіпсіздіктегі ролін одан әрі нығайту» делінген [21, 7-9 б.].

2012 жылы 14 желтоқсанда жарияланған «Қазақстан – 2050» стратегиясында Н. Ә. Назарбаев мемлекетті жаңғырту жолы сыртқы саясатты ыңғайландыру, жаңдандыру міндетін алға қойды. Осы ретте ұлттық экономика мен сауда мүдделерін ілгерілету мақсатында экономикалық және сауда дипломатияның дамуы тиіс деп нақтыланды.

Сол уақыттарда экономикалық дипломатияның терминін «сыртқы

экономикалық саясат», «сыртқы саясатты экономикаландыру», «сыртқы экономикалық дипломатия», «сыртқы саясаттың экономикалық құрамдас бөлігі» деген ұғымдармен қолданылды. Кейін «экономикалық дипломатия» ұғымы Ел басының жыл сайынғы халыққа арналған Жолдауларында жиі қолданыста болды [22].

Экономикалық дипломатияның міндеттері 2016 жылы 3 ақпанда СІМ-нің шетелдік инвесторлар мен жаңа технологияларды тартуға байланысты арнайы отырыста талқыланған. Н. Ә. Назарбаев атап өткендей, «мұндай мақсаттың қойылуы әлемдегі геосаяси қақтығыстардың ушығуына, жаһандық экономикалық ахуалдың нашарлауына, сондай-ақ негізгі шикізаттар мен биржалық нарықтардағы тұрақсыздық аясында өзектілікке ие» [23]. Осы ретте СІМ-нің алдына экономикалық дипломатияның әдістері мен құралдарын жетілдіру мақсаты тұрды.

2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы, жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында дипломатияның экономикалық векторының тағы бір мақсаты айқындалды. Яғни, халықаралық ынтымақтастықта ұлттық экономика мүдделерін қорғау және дамыту.

Дүнижүзінде болып жатқан өзгерістер, атап айтқанда геэкономикалық, геосаяси және технологиялық үрдістердің жаңдануының әсерінен Қазақстанда халықаралық деңгейде экономиканың жан-жақты саласын дамытуға бағытталды.

Осы ретте, 2019 жылы 30 қаңтарда Н.Ә.Назарбаев үкіметтің кеңейтілген отырысында және 2018 жылғы «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауында экономикалық дипломатия құралы ретінде шетел инвестицияларын тарту мақсаты алдыға қойылғаны туралы мәлімделген.

Аталған Қазақстан Республикасының стратегиялық бағдарламалары мен ұстанымдары әр кезде сыртқы саясатта жалпы әлемдегі үрдістермен сәйкестендірілді және қазақстандық дипломатия үшін қолайлы әдістер мен тәсілдерді қолдануды алдыға қойды. Т. С. Сулейменовтың пікіріне сәйкес, «дипломатия әлемді және онда болып жатқан процестерді танудың кілті, сондай-ақ жаңа әлемдік тәртіпті құрудың құралы» [24, 272 б.] деп анықтады.

Қазақстанда экономикалық дипломатия түсініктемесі кеңінен нақты тапсырма ретінде көрініс тапты. 2016 жылы 3 ақпанда СІМ-нің кеңейтілген алқасында ел басшылығынан «экономикалық дипломатияны күшейтілсін» делінген [25, 11 б.]. Яғни, еліміздің экономикасы басым секторларына жоғары технологиялар мен инвестицияларды тартуға, отандық бизнес мүдделерін дамытуға және тауарларды сыртқы нарыққа шығаруға жұмылдырылу мақсаты қойылды.

Бүгінде Қазақстанда экономикалық дипломатияның ұғымы саяси құжатта 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдасында бекітілді. Аталған құжатқа сәйкес, экономикалық дипломатия «дипломатиялық құралдар арқылы мемлекет мүдделері мен шетелдегі

қазақстандық жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін ілгерілету мен қорғауды қамтамасыз етеді, жаңа және дәстүрлі әлемдік нарықтарда қазақстандық бизнес пен экспорттық өнімдердің болуын кеңейту үшін қолайлы жағдайлар жасайды» делінген [26].

Экономика ғылымының докторы Додонов В. пікірі бойынша, қазақстандық экономикалық дипломатияның басты міндеттерін ҚР СІМ шешуі қажет. Елбасының басты назары осында бағытталған. ҚР СІМ-ға мелекетке шет ел инвестициясын тарту бойынша белсенді жұмыстар жүргізу үшін нақты міндеттер қойылған. Дегенмен соңғы жылдары бұл үрдіс бәсеңдеп қана қоймай, тікелей шет ел инвестициялардың қысқаруы байқалуда. Бұл ішінара объективті факторларға байланысты, мысалы, мұнай бағасының төмендеуі. Бірақ ішінара субъективті. Яғни, қандай да бір себептермен шетелдік инвесторлар біздің елге, әсіресе алдыңғы қатарлы салаларға барғысы келмейді және бұл бізге экономикалық дипломатия қажет екенін анық көрсетеді делінген [27].

С.Көшкімбаевтың пікіріне сәйкес, Қазақстанның сыртқы саясатының бүгінде басты міндеті дипломатияның әдістерін пайдалана отырып қолайлы жағдай туғызу. ҚР СІМ-нің басымдылығы өзгермесе де, экономикалық дипломатияның бағыты шет ел инвестициялары мен озық технологияларды тартуға гравитациясы бейім болады [28].

2018 жылы қазанда қызмет атқарған министр Қ. Қ. Әбдірахмановтың мәлімдемесіне сәйкес, инвестицияны тарту жұмыстарын күшейту, экспортқа бағытталған индустрияландыруды, сонымен бірге көліктік, логистикалық, туристік, агроөнеркәсіптік саласын іске асыру мәселелерін экономикалық дипломатия құралдары арқылы қолдануды мәлімдеді [29].

Осы ретте аталған мәселе бойынша 2016 жылдары халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитетінің төрағасы М.С.Әшімбаевтың баяндамасында көрініс тапты. Елде экспортты дамыту үшін бірыңғай стратегиясы дамымаған, тек әр тарапты мемлекеттік мекемелер, «Қазнекс», «ҚазАгро», «Қазэкспортгарант», Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдіктердің ұқсас қызметтеріне көңіл аудару қажеттілігін айтты. Осыған байланысты, елдің экономикалық мүдделерін жүзеге асыру мақсатында ортақ стратегияны құруға және оның ролін арттырушы Сыртқы істер министрлігінің ролін жетілдіруді ұсынуды жөн көрді [23].

Осы себептен Қазақстанның экономикалық дипломатиясының институционалды жүйесі ҚР СІМ-ге жүктелді. Аталған министрлікте экономикалық дипломатияда рөлі өсіп, бастапқы қызметі «шетелдегі бірінші байланыс жасаушы және мемлекеттік қызметті үйлестіруші» рөліне көтерілді. Оған дейін Инвестициялар және даму министрлігі (қазіргі Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі) қарамағында болды. Тұңғыш Президенттің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығына сәйкес Сыртқы істер министрлігінің құзыретіне Инвестицияларды тарту бойынша

мемлекеттік саясатты іске асыру және экспортты дамыту саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі өкілеттіктер берілді. Министрлік қарамағына ИИДМ-нің Инвестициялар жөніндегі комитеті мен шетелдік инвестициялар және технологияларды тартуға мамандандырылған «ҚазақИнвест» АҚ ұлттық компаниясы толығымен өтті [30].

Қабылданған шешімдер Н. Ә. Назарбаевтың келесі ұстанымына негізделді. Атап айтқанда, «Сыртқы істер министрлігі тек сыртқы саясатпен ғана емес, сонымен қатар шетелде еліміздің экономикалық мүдделерін ілгерілетумен айналысатын ведомство болуы тиіс. Инвестицияларға және экспортқа қатысты мәселелерді Сыртқы істер министрлігі қызметкерлері бақылауы тиіс, себебі бұл міндеттерді атқару шетел тілдерін, елдерді білуіне байланысты оларға ыңғайлы» [31, 17 б.]. Осы орайда, мамандарды бекіту бойынша экономика мен дипломатияны қос білетін маманның қажеттілігі туындады.

Инвестицияларды тарту және экспорттың бөлек құрылымы – «ҚазақИнвест» ҰК және «ҚазақЭкспорт» мемлекеттік операторлары құрылды.

Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясы инвестицияларды тарту бағытында көрініс табады. Осы кезекте үш деңгейдегі топқа сыртқы, орталық және өңірлерге негізделген [31, 166 б.]:

- сыртқы алаңда – дипломатиялық мекемелер шетелдік инвесторларға ақпараттық-кеңестік қызметін толық ұсынады;
- орталықта – ҚР СІМ, «ҚазақИнвест» ҰК және басқа салалық мемлекеттік органдар жұмыс атқарады. Яғни, нақты жоба бойынша келіссөздер жүргізеді;
- өңірлерде – жергілікті атқарушы органдар және «ҚазақИнвест» ҰК инвесторларға «фронт-офистер» арқылы тікелей қызмет көрсетеді.

Мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың өзара әрекетін күшейту мақсатында 2019 жылы инвестицияларды тарту жөніндегі экожүйе құрылды. Осыған байланысты, келесі маңызды өзгерістер енгізілді [32]:

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің төрағалығымен Инвестициялар тарту бойынша кеңес құрылды. Өз кезегінде инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында стратегиялық мәселелерді шешумен айналысады. Оған жетекші мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың, Жоғарғы соттың, Бас прокуратураның, ҰҚК басшылары кірді.

2. Үкіметтің рөлі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мен инвесторлардың құқықтарын қорғауда арта түсті.

3. ««Астана» Халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) инвестицияларды тартудың аймақтық ХАБ-ы және инвестициялық жобаларды қалыптастырудың бірыңғай орталығы» ретінде белгіленді [33]. АХҚО инвесторлармен жұмыс жүргізетін бірыңғай экожүйесі құрып, оған барлық даму институттары («Бәйтерек» ҰБХ, «Қазақстанның Даму банкі» АҚ,

«Казагро» ҰБК, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ) жатады және «бір терезе» қағидасы аясында жұмыс жасайды.

4. ҚР СІМ-нің қарамағындағы «Қазақ Инвест» ұлттық компаниясы АХҚО-ға басқаруға сенім білдіру туралы шешім қабылдады.

Сонымен бірге, инвестициялар тарту бойынша жұмыстың келесі алгоритмі құрылды [34]:

- Аймақтық инвестициялық ХАБ-та әлеуетті инвестициялық жобалар жинақталады.
- «Қазақ Инвест» ҰҚ негізінде АХҚО-ның мамандарының қатысуымен жобалар талданып, шетелдік инвесторларға түсінікті форматта түсіндіріледі.
- Халықаралық стандарттарға сәйкестендірілген жобалар АХҚО мен СІМ-нің инфрақұрылымдары арқылы дамытылады.
- Аймақтық инвестициялық ХАБ-тың негізінде АХҚО-ның құқықтық базасын пайдалана отырып, келісімшарттар жасалады.

«Инвестицияларды тартуға Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетел инвесторларының кеңесі, Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңес және Премьер-Министрдің төрағалығымен жұмыс істейтін Инвестициялар тарту мәселелері жөніндегі үкіметтік кеңес арқылы көмек көрсетеді және Инвестициялық омбудсмен институты да жұмыс жасайды» делінген Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің ресми сайтында.

«Шикізаттық емес экспортты дамыту бойынша 2019 жылғы 17 маусымда Сауда және интеграция министрлігіне СІМ-нің экспортты дамыту саласы және Ұлттық экономика министрлігінің ішкі және сыртқы сауда саясатын қалыптастыру, іске асыру бойынша қызметтері мен өкілеттіктері берілді. Сондай-ақ, жаңа ведомствоның құзыретіне Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің шикізат емес экспортты дамыту мен қолдау мәселелері де берілді» [35].

Нәтижесінде экспортты жылжыту бойынша институционалдық жүйе келесідей қайта құрылды [35]:

– «қаржылық емес және қызмет көрсету бойынша Сауда және интеграция министрлігіне қарасты ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі өкімімен құрылған «Qaztrade» (бұрынғы Сауда саясатын дамыту орталығы) компаниясы және Атамекен» ҰКП жанындағы Сыртқы сауда палатасы» айналысады. Алдағы уақытта «Qaztrade» «бірыңғай терезе» қызметін атқарады деп жоспарланды;

– қаржылық және сақтандыру қызметтері бойынша «ҚазақЭкспорт» АҚ, «Қазақстан даму банкі», «Даму» АҚ ұсынады. Аталған құрылымдар «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның еншілес компаниялары болып табылады. Холдинг өз кезегінде Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің қарамағындағы ұйым;

– өңделген өнімдерді сыртқы нарықтарға шығару бойынша

шығындардың бір бөлігін өтеу қызметін Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне бағынатын «QazIndustry» «Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ атқарады.

Осыған орай, 2019 жылдан бастап СІМ шетел инвестицияларын тартумен шектелді. СІМ аталған міндетті жүзеге асыру мақсатында шетелдегі дипломатиялық мекемелерді (63 елшілік, 93 консулдық, 2 өкілдік), Инвестициялар жөніндегі комитеті мен Сыртқы экономикалық саясат департаменті құрылымы, елшіліктегі инвестициялар бойынша кеңесшілер, консулдар, сауда өкілдері арқылы қызмет атқарады. Оның ішінде шет елдермен сауда-экономикалық ынтымақтастықтың «133 құрылымы, оның ішінде 60 Үкіметаралық комиссия, 22 салалық комиссия мен 51 жұмыс топтары, 24 іскерлік кеңес сияқты тиімділіктерін дәлелдеген тетіктері қосылады. Сондай-ақ, Қазақстанда 98 тіркелген 66 шетелдік елшілік, 52 консулдық және 6 өкілдіктердің» әлеуеттерін пайдалана алады [36].

2021 жылғы Қазақстан Республикасы СІМ алқасының кеңейтілген отырысында Қ. К. Тоқаев республиканың сыртқы саясатының тиімділігі мәселесіне тоқталды. Президенттің пікірінше, қазір Қазақстанда сыртқы салада шын мәнінде бірыңғай жалпыұлттық стратегиясы жоқ. Қазақстан СІМ экономикалық дипломатия бағытын «қайта іске қосуды» қажет етеді. Сонымен бірге, пандемиядан кейінгі қалпына келтіру жағдайында мемлекеттер арасында шетелдік инвестицияларды тарту үшін бәсекелестік күшейе түсуде. СІМ инвестициялар тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру саласындағы өзінің уәкілетті орган мәртебесін толық пайдалануға тиіс [37]. Осы ретте, экономикалық дипломатияның құралдары арқылы шетелдегі қазақстандық бизнесмендерге және отандық экономикаға инвестициялар тартуға белсенді және тұрақты қолдау көрсетілуде.

Қазақстанның экономикалық дипломатиясы екі жақты, көп жақты, өңірлік бағытта әдістер мен тетіктерді қолдана отырып, айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді:

- 1) сауда көлемін ұлғайту, серіктес мемлекеттердің нарығына өзара қол жетімділік, ол арқылы әкімшілік шығындардың азаю, технологияға қол жеткізу мүмкіндігі, инвестициялық тартымдылықты ұлғайту, үшінші елдермен келіссөздер үрдісінде позицияны күшейтуде жағдай жасайтын ЕАЭО құру арқылы интеграция дамытылуда;
- 2) ДСҰ-ға мүшесі, Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы және басқа халықаралық экономикалық және қаржылық ұйымдармен белсенді жұмыс жүргізілуде;
- 3) «Еуразиялық көліктік-транзиттік тораптардың халықаралық жолдар желісіне ену және сыртқы нарықтарға қол жеткізу мақсатында («Нұрлы жол», «Бір белбеу - Бір жол»)» жұмыс атқарылуда;
- 4) Қазақстанның әлемдегі беделі мен жағымды кескінін қалыптастыру үшін бірқатар маңызды халықаралық бастамалары (АӨСШК, ЕҚЫҰ, ЭКСПО, БҰҰ ҚК-ге тұрақты емес мүшелік) іске асырылды;

5) экономиканы жаңғырту мен халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында 2005 жылдан 2022 жылдың 3 тоқсаны бойынша 120 мемлекеттен 377 млрд. доллардан аса шетелдік инвестициялар тартылды [38].

Қазақстанның экономикалық дипломатиясының көрінісі шетел инвестицияларын тарту арқылы жүзеге асады. Яғни, шетелдік инвестицияларды тарту үлесі дипломатиялық экономиканың атқарған көрсеткіші болып табылады. Нәтижесінде Қазақстандағы инвестициялық жобалардың аса мөлшерде машина жасау, тау-кен металлургия кешені және металлургия, агро-өнеркәсіптік кешен, жаңартылған энергия көздері, мұнай-газ химиясы, химия өнеркәсібі, көлік және логистика, сондай-ақ құрылыс материалдары көш бастап тұр. Табысты іске асырылған бірқатар реформалардың, инвестициялар тарту және инвесторлармен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін енгізудің арқасында Қазақстан осындай елдердің бірі болып табылады.

Инвестициялардың көп мөлшері дәстүрлі түрде тау-кен өнеркәсібінде және кәсіби, ғылыми-техникалық қызметте байқалады: 221,1 млрд. АҚШ доллары немесе жалпы көлемнің 59%. Нақтылай, тау-кен өнеркәсібіне тиесілі - 131,6 млрд. АҚШ доллары (34,9%), кәсіби, ғылыми-техникалық қызмет - 89,5 млрд. АҚШ доллары (23,7%), өңдеу өнеркәсібі - 55,7 млрд. АҚШ доллары (14,8%), сауда - 41,3 млрд. АҚШ доллары (11,0%), қаржылық және сақтандыру қызметі - 18,4 млрд. АҚШ доллары (4,9%), құрылыс - 13,0 млрд. АҚШ доллары (2,6%), ақпарат және байланыс - 5,9 млрд. АҚШ доллары (1,6%) және т. б. (Сурет 3) [39].

ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Алмас Айдаров мәлімдемесіне сәйкес, геосаяси жағдайға және қаңтардағы оқиғаларға қарамастан, инвесторлар Қазақстанға қатысты оң үрдісті сақтап отыр. Мәселен, Қазақстанға тікелей инвестициялар ағыны 28% - ға өсті [40].





Диаграмма 3 ҚР-ның ТШИ жалпы ағынының динамикасы
Ескерту – автор дереккөз бойынша құрастырған [39].

Осыған орай, Қазақстанның экономикалық дипломатиясының басты бағыттағы көрсеткіші ретінде шетелдік инвесторлардың басым бөлігі Нидерландыдан, АҚШ-тан, Швейцария, Қытай елдерінен. 2005 жылдан бастап 2022 жылғы 3 тоқсанға дейінгі кезеңде 377,1 млрд. елдер бөлінісіндегі ТШИ жалпы ағынының ең үлкен көлемі Нидерландыға тиесілі - 110,4 млрд. АҚШ доллар (29,3%), АҚШ - 51,9 млрд. АҚШ доллар (13,8%), Швейцария - 32,5 млрд. АҚШ доллар (8,6%), Қытай – 22,7 млрд. АҚШ доллар (6,0%), РФ – 19,0 млрд. АҚШ доллар (5,0%), Франция - 17,9 млрд. АҚШ доллар (4,8%), Ұлыбритания - 16,4 млрд. АҚШ доллар (4,4%), Бельгия - 11,3 млрд. АҚШ доллар (3,0%), Виргин аралдары (Ұлыбритания) - 10,7 млрд. АҚШ доллар (2,8%), Ю. Корея - 8,1 млрд. АҚШ доллар (2,2%), Жапония - 7,3 млрд. АҚШ доллар (1,9%), Италия – 7,0 млрд. АҚШ доллар (1,9%) және т. б. (Сурет 4) [39].



Сурет 4 ҚР-ға шетелдік инвесторлардың үлесі

Ескерту – автор дереккөз бойынша құрастырған [39]

Өз кезегінде инвесторлар үшін капитал тұрақтылығы, заң үстемдігі, ашық және жайлы бизнес-ортаның кепілдігі маңызды. Табысты іске асырылған өзгерістер, инвестициялардың жаңа әрекеттерін енгізуінің арқасында Қазақстан осындай елдердің бірі болып табылады.

Сайлауалды бағдарлама аясында Мемлекет басшысы алдағы 7 жылда кемінде 150 миллиард АҚШ долларын тарту міндетін қойды. Тиісінше, жыл сайын кем дегенде 24 миллиард АҚШ долларын тарту жоспарлануда [41].

2022 жылдың қорытындысы бойынша 4 млрд. АҚШ доллардан астам сомаға шетелдік капиталдың қатысуымен 46 инвестициялық жобаны пайдалануға беру қамтамасыз етілді, шамамен 6,5 мың жұмыс орны құрылды.

Қазіргі уақытта 68 елдік инвестициялық бағдарлама жұмыс істейді. Әрбір шетелдік мекеменің мақсаты нысаналы таргеттеу көрсеткіштеріне қол жеткізу, атап айтқанда «тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны» индикаторын орындау және таргетте көрсетілген шетелдік компанияларды тарту бойынша жұмыстар жүргізу болып табылады. Бұл шетелдік

мекемелерге инвесторларды тарту бойынша жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

1. *Инвестициялық преференциялар* инвестициялық келісімшарт жасасу арқылы беріледі.

1) инвестициялық жоба бойынша: кеден баждарын салудан, шикізат және (немесе) материалдар импортына қосылған құн салығынан, сондай-ақ мемлекеттік заттай гранттан босату ұсынылады.

2) инвестициялық басым жоба бойынша: кедендік баждарды салудан босату, мемлекеттік заттай грант және салықтар бойынша түрлі преференциялар (кемінде 2 млн. АЕК мөлшерінде Инвестициялар салатын кәсіпорындарға) беріледі.

2. Жаңа инвестициялық құрал - *инвесторларға ерекше жағдайлар*, оның ішінде *инвестициялық заңнаманың тұрақтылығы, инвестордың инженерлік инфрақұрылымды жүргізуге жұмсаған шығындарын өтеу және т. б.* беретін инвестициялар туралы келісім енгізілді.

- 100% - ға КТС-тан босату, жер салығы (0 коэффициенті), мүлік салығы (0 ставка);

- өзге де салық міндеттемелерін азайту, оның ішінде АЭА аумақтарында қызметті жүзеге асыру кезінде;

- ҚМЖ құнының 20% - на дейін өтеу және ҚҚС және акциздерді есептемегенде жабдықты сатып алу;

- келісім шарттарына сәйкес өзге де преференциялар жасау.

Сонымен қатар, қолдаудың әрбір құралы бойынша қолдану шарттары мен міндеттемелері бар. Жаңа КТС өндірістерін құру бойынша – 10 жыл, жер салығы – 10 жыл, мүлік салығы-8 жыл жоба жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейтуден және (немесе) жаңартудан босатылады (КТС – кемінде 5 млн.АЕК мөлшерінде инвестиция салатын кәсіпорындарға 3 жыл).

Осыған байланысты, Қазақстанның экономикалық дипломатиясының даму үрдісі жаңа бағытта орын алып, инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасалуды. Оны халықаралық деңгейдегі көрсеткіштерде, алдыңғы қатарында болуы атап айтқанда, Дүниежүзілік Банктің «Doing Business 2020» рейтингінде Қазақстан 190 елдің арасында 25 орынға ие болуы. Қазақстан «Миноритарлық инвесторлардың құқықтарын қорғау және келісімшарттарды сақтау» көрсеткіштеріне сәйкес дүниежүзі бойынша ондықта. Соңғы өзгертулерге сәйкес кәсіпкерлікті тіркеу үшін әлдеқайда жеңілдетілді. Елімізде кәсіпкерлікті ашу үшін 1 күнді, ал жылжымайтын мүлікті тіркеуге 3 күнді қажет етеді [42]. Бұдан басқа, Қазақстан инвесторлардың құқықтарына кепілдік беретін инвестицияларды өзара қорғау және көтермелеу туралы 47 екіжақты және 1 көпжақты келісімге қол қойды [43].

«Бір терезе» қағидатына сәйкес инвесторларға қандай кәсіп ашудан бастап оны мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға дейін қызметтер көрсетіледі. Сонымен бірге инвестиция қызметі көрсетілгеннен кейінгі де қызмет көрсетіледі. Яғни, әрбір инвестор және инвестициялық жобамен нақты

жұмыс істеуге мүмкіндік туғызады.

Осыған байланысты ҚР СІМ тәжірибесі мол маман Т. Сулейменов, «экономикалық дипломатия ұзақ уақыт бойы Қазақстанның халықаралық деңгейдегі табысын көрсетіп келеді. Бұл әрекеттің нәтижелілігі әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында анық байқалды. Мемлекетаралық байланыстар, халықаралық ұйымдармен (БҰҰ, ЕО, ЕАЭЖ және т.б.) қатынастар ауқымының кеңдігі, дамыған құқықтық нормативтік база экономикалық дипломатия мәселелерін шешуге мүмкіндік берді» деген пікірі ерекше мәнге ие [44, 35-36 б.].

Бүгінгі таңда Қазақстанның экономикалық дипломатиясының басым көрсеткіші инвестициялар болып табылатын бөлігі айтарлықтай дамыған және одан да жаңа мүмкіндіктерге толы. Біздің республика стратегиялық маңызды орынға ие. Бизнесті жүргізу, инвесторлардың құқықтарын қорғау және инвестициялық ынталандырулар үшін қолайлы орта болып табылады.

2 ЕАЭО ШЕҢБЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

2.1 ЕАЭО-ның интеграциялық даму ерекшеліктері

2019 жылы короновирустық инфекциядан (COVID-19) туындаған экономикалық, әлеуметтік және биологиялық толқудың жаһандық күрделі жағдайы және 2022 жылғы биологиялық жағдайдың күшеюі әлемнің көптеген елдерінің даму кодын бұзып, дәстүрлі байланыс тізбектерін тоқтатты.

Пандемиядан кейінгі қалпына келтіру процестерін жүзеге асыру кезеңінде Ресей-Украина қақтығысы орын алды. Ол дағдарыс моделін өзгертті, қолда бар саяси, әскери және көші-қон сілкіністерімен толықтырды. Бұл оқиғалардың салдары бүкіл әлемдік тәртіп архитектурасына, қауіпсіздікке және жалпы әлемдік құрылымға әсер етті.

Жаңа шындықта әр мемлекет өз бетінше және ұжымдық түрде зардаптармен күресуге, бейімделуге және жаңа мүмкіндіктер іздеуге тырысады. Сыртқы жағымсыз факторлардың әсерінен мемлекет ішкі тұрақтылық пен жоспарланған өсуді өз бетінше қамтамасыз етуді қиындатады. Экономикалық дипломатия арқылы көптеген мемлекеттер одақтар және халықаралық ұйымдар негізінде ұжымдық өзара іс-қимыл жасау туралы шешім қабылдайды. Осы байланыстар мен қатынастардың барлығы халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық деп аталатын күрделі жаһандық кешенді құрайды.

Әлемдік экономикалық байланыстың жандануына байланысты *экономикалық дипломатияны төрт деңгейге* бөлуге болады. «Біріншісіне – халықаралық қаржылық, экономикалық және сауда ұйымдарының қызметі (Біріккен ұлттар ұйымы, ДСҰ, Халықаралық Валюта Қоры, ДБ). *Екінші деңгей – интеграциялық топтар деңгейіндегі қызмет* (ЕАЭО, Еуропалық одақ, Солтүстік Американың еркін сауда аймағы және т.б.). Үшінші деңгей – мемлекеттердің өзара қарым-қатынасы. Төртінші деңгей – компаниялардың сыртқы экономикалық қызметі» [45, 9-11 б.].

Аталған екінші деңгейдегі интеграциялық топ – ЕАЭС бірнеше посткеңестік үкіметтерінің дипломатиялық күш-жігерінің нәтижесінде құрылған.

«Еуразиялық интеграция туралы» идеяны Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 1994 жылы наурызда М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде сөйлеген сөзінде ұсынды. Нәтижесінде Кеден одағы, содан кейін Экономикалық кеңестік құрылып, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕАЭО жұмысын бастады [46].

5 суретте көрсетілгендей, құрамына бес ел – Қазақстан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь, Қырғызстан Республикасы және Ресей Федерациясы кіретін осы өңірлік интеграцияның халықаралық ұйымы жан-жақты жаңғыртуды, кооперацияны, ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды және халқының өмір сапасын жақсартуды

қамтамасыз етуге арналған [47]. ЕАЭО қатысушы елдерді тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен еңбек ресурстарының ортақ нарығы түріндегі басымдықпен, сондай-ақ өзара саудада кедергілер мен шектеулердің болмауымен қамтамасыз етеді [48].

Ескеретін жағдай, *ЕАЭО саяси бірлестік болып табылмайды*. Жарғылық шартта жұмыс істеу барысында мүше мемлекеттер оны саясаттандырудан және ЕАЭО құзыретіне ұлттық егемендікті қозғайтын мәселелердің енгізулерінен бас тартылды. ЕАЭО шеңберінде «тек қана экономикалық ынтымақтастық мәселелері қаралады», сондай-ақ оның мүше мемлекеттерінің егемендік, құқықтың және ұлттық мүдделерін теңдігі қамтамасыз етілуі қажет [49].



Сурет 5. БЭК-ке мүше мемлекеттер

Ескерту – автор дереккөз бойынша құрастырған [47]

Осылайша, жарғылық Шартқа сәйкес ЕАЭО еуразия кеңістігіндегі экономикалық интеграциялық ұйым болып табылады. 2014 жылғы 29 мамырдағы ЕАЭО туралы шартқа сәйкес, ЕАЭО шеңберінде экономика салаларында үйлестірілген «тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің қозғалыс еркіндігі» жайлы түсініктеме берілген [48].

Тұрақты жұмыс істейтін ЕАЭК ЕАЭО-ның реттеуші органы болып табылады. Оның негізгі міндеті жаһандық тұрақсыздықтың теріс салдарын азайту және сыртқы нарықтарда өзін белсенді орналастыру болып табылады. ЕАЭК қызметі бағыттар бойынша құрылымдалған және әрбір бағыт экономикалық қызметтің салалары мен салаларының блогы болып табылады [50].

ЕАЭО-ның негізгі мақсаттары мүше мемлекеттердің өмір сүру деңгейін жағдайын жақсарту, экономикасын тұрақты дамыту үшін жағдайлар жасау. Сондай-ақ Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға

ұмтылу, жаһандық экономика жағдайында ұлттық экономикаларды жан-жақты жаңғырту, кооперациялау және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

ЕАЭО органдары:

- Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес (ЖЕЭК, Жоғары Кеңес, мемлекет басшыларының деңгейі);
- Еуразиялық үкіметаралық кеңес (ЕҰАК, үкімет басшыларының деңгейі);
- Еуразиялық экономикалық комиссия;
- ЕАЭО Соты (Минск, Беларусь орналасқан).

ЕАЭО органдарында төрағалық ету ротациялық негізде бір мүше мемлекет бір күнтізбелік жыл ішінде ұзарту құқығынсыз орыс әліпбиі тәртібімен жүзеге асырылады (2015 жылы-Беларусь, 2016 жылы – Қазақстан, 2017 жылы – Қырғызстан, 2018 жылы – Ресей, 2019 жылы – Армения, 2020 жылы – Беларусь, 2021 жылы – Қазақстан) [48]. 2020 жылғы ақпанда Беларусь өкілі Михаил Владимирович Мясникович 4 жылға ЕЭК Алқасының Төрағасы болып тағайындалды.

Дипломатия халықаралық ынтымақтастықтың құралы ретінде ЕАЭО шеңберіндегі ынтымақтастық мынадай салаларда жүзеге асырылады:

- *кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу;*
- *кедендік реттеу;*
- *техникалық реттеу;*
- *санитарлық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар;*
- *кедендік әкелу баждарын есепке жатқызу және бөлу;*
- *жарлық үшінші тараптарға қатысты сауда режимдерін белгілеу;*
- *сыртқы және өзара сауда статистикасы;*
- *макроэкономикалық саясат;*
- *бәсекелестік саясат;*
- *өнеркәсіптік және ауылшаруашылық субсидиялары;*
- *энергетикалық саясат;*
- *табиғи монополиялар;*
- *мемлекеттік және (немесе) муниципалдық сатып алулар;*
- *қызметтердің өзара саудасы және инвестициялар;*
- *көлік және тасымалдау;*
- *валюта саясаты;*
- *зияткерлік меншік;*
- *еңбек көші-қоны;*
- *қаржы нарықтары (банк саласы, сақтандыру саласы, валюта нарығы, бағалы қағаздар нарығы).*

Осы ретте, көбіне ЕАЭО шеңберіндегі салаларда кездесетін мәселелерге жеке тоқталуға болады.

Тарифтік емес реттеудің Еуразиялық экономикалық одақтың жұмыс істеуі шеңберінде «тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары» қолданылады. Тарифтік емес реттеу саласында шешімдер қабылдау, сондай-ақ бірыңғай сауда шараларын қолдану жөніндегі өкілеттіктер ЕЭК-ке берілді.

Үшінші елдермен саудада:

- ЕЭК-тің 21.04.2015 ж. №30 шешімімен «Үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын» тауарлардың бірыңғай тізбесі бекітілді.
- ЕЭК-тің 26.07.2016 ж. №83 шешімімен ЕАЭО-ның ішкі нарығы үшін маңызды болып табылатын және оларға қатысты ерекше жағдайларда уақытша тыйым салулар енгізілуі мүмкін тауарлардың тізбесі бекітілді.
 - ЕЭК-тің 2012.05.16 №45, 2014.11.6 №199, 2016.04.19 №34 шешімдерімен рұқсат беру құжаттарының нысандары (қорытындылар, лицензия), рұқсат беру құжаттарын толтыру жөніндегі нұсқаулықтар бекітілді [50].

ЕАЭО кедендік аумағында бағалы металдармен және асыл тастармен операциялар жасау ерекшеліктері туралы келісім жобасына тек 2020 жылы қол ЕЭК-тің 20.07.2020 №213-ФЗ қойылды. Осы Келісім жобаның ұзақ мерзімде шешілмеген мәселелерінің бірі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің зергерлік бұйымдарының таңбаларын өзара тану болып табылады. Ол тек 2021 жылы ортақ шешімдерге келу арқылы Ресей тарапы зергерлік бұйымдарды таңбалаудан, бірыңғай сынамалық қадағалаудан, зергерлік бұйымдар айналымы саласындағы бұзушылықтар үшін жауапкершілік шараларын үйлестіруден және біріздендіруден кейін ғана осы мәселені келісілді [51].

Бірыңғай кедендік реттеу ЕАЭО Кеден кодексіне және кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттарға және ЕАЭО құқығын құрайтын актілерге сәйкес жүзеге асырылады [52].

Келесіде ЕАЭО шеңберінде бірыңғай кедендік реттеу жұмыстарының заңнамалық құжаттарына қол қойылды:

- 2017 жылғы 11 сәуірде ЕАЭО Кеден кодексіне қол қойылды, ол әкімшілік кедергілерді азайтуға, озық ақпараттық технологияларды енгізуге, сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігін төмендетуге, кедендік тазартуды жүргізуді жеделдетуге бағытталған.

ЕАЭО Кеден кодексімен қатар іске асыруға екінші деңгейдегі 27 бірінші кезектегі актілер қабылданды [53].

Өз кезегінде көптеген келісімсөздер арықылы өтіп 2023 жылғы 3 сәуірде ЕАЭО қатысушылардың басшылары қол қойған тасымалдарды қадағалау үшін навигациялық пломбаларды қолдану туралы Келісімге қол қойылды [54].

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау ЕЭК қабылдайтын құжаттары арқылы ұлттық реттеуді көздейтін тұтынушылардың құқықтарын қорғау саясатын іске асырады. Келісілген саясат мыналар арқылы жүзеге асырылады:

1. Тауарлар, қызметтер, өндірушілер мен сатушылар туралы жедел және сенімді ақпарат алмасу;
2. Бағытталған келісілген шараларды әзірлеу және қабылдау:
 - 1) жосықсыз практикамен күрес;
 - 2) қауіпті өнім айналымына жол бермеу ;

- 3) тауарларды еркін таңдау үшін жағдайлар жасау;
- 4) тұтынушылық сауаттылық пен білім беруді дамыту [55].

Қазіргі уақытта ЕЭК-тің тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы құзыретін орындауға міндетті шешімдер қабылдау бөлігінде кеңейту туралы ұсыныстар қаралуда [56].

Цифрландыру. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің экономикаларын цифрландыру жөніндегі шаралар кешенін қалыптастыруды, сондай-ақ ЕАЭО құқығына сәйкес келісілген саясатты қамтамасыз етуді көздейді. Атап айтқанда, Одақтың 2025 жылға дейінгі цифрлық күн тәртібін іске асыру мәселелері бойынша ынтымақтастықтың мақсаттарын, қағидаттары мен міндеттерін, бағыттары мен тетіктерін айқындайды [57].

Салықтар және салық салу саласында ЕЭК-ке мүше мемлекеттер уағдаласты:

- салықтар, өзге де алымдар мен төлемдер алу туралы;
- ҚҚС нөлдік ставкасын қолдануды және тауарларды экспорттау кезінде акциздерді төлеуден босатуды, сондай-ақ импорт кезінде оларға жанама салықтар салуды көздейтін межелі елдің қағидаты бойынша тауарлардың өзара саудасында жанама салықтар алу туралы;
- өзара саудаға әсер ететін салықтарға қатысты заңнаманы үйлестіруді жүзеге асырудың бағытын [58].

2025 жылға қарай өзара саудада экспорттық кедендік баждарды (баламалы мәні бар өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды) және шектеулерді қолданбауды көздейтін газ, мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтары қалыптастырылатын болады, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің газ, мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жүйесіне тең қолжетімділік беріледі [59].

Газ, мұнай және мұнай өнімдері. ЕАЭО шеңберінде «2025 жылға қарай мұнай мен мұнай өнімдерінің ортақ нарығын қалыптастыру» жөнінде уағдаластықтарға қол жеткізілді. Ондағы мақсат экспорттық кедендік баждар мен шектеулерді қолданбау. Сонымен бірге 2025 жылға қарай газды тасымалдау инфрақұрылымына қолжетімділік берілетін болады. Қазақстан осы мәселелерді шешуге мүдделі.

Өз кезегінде, осы саладағы ерекшеліктерді атап өтілуі маңызды:

- «Ортақ газ нарығын қалыптастыру бағдарламасы» бойынша ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерде тасымалдауға тариф белгілеу бөлігінде келіспеушіліктер бар.
- «Мұнай мен мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру» бағдарламасы бойынша мүше мемлекеттерде келіспеушіліктер жоқ.
- Тараптардың бағдарламаларды бір мезгілде қабылдау қажеттілігі туралы уағдаластықтарына байланысты қазіргі уақытта бағдарламалар қабылданбаған.

ЕЭК-ның бағалауы бойынша ортақ нарықтарды қалыптастырудың

жиынтық әсері бес жыл ішінде 5-тен 8 млрд. АҚШ. долларды құрайды.

Өнеркәсіп. Мүше мемлекеттер ұлттық өнеркәсіптік саясатты дербес әзірлейді, қалыптастырады және іске асырады, сондай-ақ өнеркәсіптік субсидиялар беру тәсілдерін, нысандары мен бағыттарын айқындайды.

Өнеркәсіптік ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін 56 іс-шараны қамтитын іс-шаралар жоспары бекітілді, оның ішінде бүгінгі таңда 30 іс-шара орындалды [60].

Еңбек көші-қоны. Мүше мемлекеттер одақ шеңберінде еңбек көші-қонын реттеу саласындағы саясатты келісу, сондай-ақ мүше мемлекеттерде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін мүше мемлекеттердің еңбекшілерін ұйымдасқан түрде тартуға және тартуға жәрдемдесу жөніндегі ынтымақтастықты жүзеге асырады [61].

ЕАЭО аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде біздің елдеріміздің азаматтары үшін жұмыс күшінің қозғалыс еркіндігін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған.

Біріншіден, ЕАЭО туралы Шартқа сәйкес «еңбекшілер мен олардың отбасы мүшелері жұмысқа орналасқан мемлекеттің аумағында тіркеусіз келген күннен бастап 30 тәулік ішінде бола алады» [52].

Екіншіден, «бір мүше мемлекеттің азаматтары басқа мүше мемлекеттің шекарасын кесіп өткен кезде шекаралық бақылау органдарының мемлекеттік шекараны кесіп өткені» туралы белгі қоюға мүмкіндік беретін жарамды құжаттардың бірі бойынша, мысалы, паспорт көші-қон карталарын толтырудан босатылады [62].

Үшіншіден, реципиент-елдің азаматтарымен тең құқықтар мен артықшылықтарға сене алатын ЕАЭО азаматтарына қатысты Ұлттық қорғау шаралары қолданылмайды [63].

2020 жылы 9 қарашада № 354-ФЗ ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт әзірленді. Шарттың негізгі мақсаты жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтарымен бірдей шарттарда және тәртіппен еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру, сондай-ақ мүше мемлекеттердің еңбекшілерінің зейнетақыларын тағайындау мен экспорттауға байланысты мәселелерді шешу болып табылады.

Валюта саясаты және қаржы нарықтарын реттеу. БЭК туралы Шартқа сәйкес, курстық саясатты үйлестіруді құрамына мүше мемлекеттердің ұлттық банктерінің басшылары кіретін жеке орган жүзеге асырады, оның қызмет тәртібі Одақ шеңберіндегі халықаралық шартта жазылған.

2025 жылға қарай қаржы нарықтары саласындағы заңнаманы үйлестіру жүзеге асырылатын болады және үйлестіру аяқталғаннан кейін Алматы қаласында орналасқан «Қаржы нарығын реттеу» жөніндегі ұлттықтан жоғары орган құрылатын болады [64].

Тұтастай алғанда, Қазақстан әрқашан Еуразияның кең кеңістігінде интеграцияның үдемелі дамуын жақтайды, бұл біздің ойымызша жаһандық

экономикалық дамуға қуатты мультипликативтік серпін береді.

Жалпы, ЕАЭО қызметі мүше мемлекеттер азаматтарының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыру жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған. ЕЭК мүше мемлекеттердің экономикаларын дамыту, жаңғырту және оларды жаһандық әлемде жетекші орындарға шығару үшін қуатты ынталандыру болып табылады.

ЕАЭО экономикалық әлеуеті өте жоғары. Халқы *184 миллион адамнан құрайтын* мемлекеттер экономикаларының жиынтық көлемі *2,2 трлн астам АҚШ долларынан* асады [48].

2021 жылдың қорытындысы бойынша Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің сыртқы сауда көлемі 844,2 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 35,1% - ға артық [65].

Заманауи экономикалық дипломатия әдебиеттерінде экономикалық дипломатияны елдің экономикалық мүдделерін халықаралық деңгейде қорғауға, атап айтқанда *экспортты ұлғайту, шетелдік инвестицияларды тартуға* бағытталған деп түсіндіріледі [66].

Осы орайда, Тауарлардың ЕАЭО-дан тыс елдерге *экспорты* 2021 жылы 44,1% - ға ұлғайып, 525,7 млрд АҚШ долларын құрады. Сыртқы нарыққа экспорт көлемінің өсуі Беларусьтен тауарларды экспорттық жеткізудің 47,8% – ға, Ресейден – 47% – ға, Қазақстаннан-25,8% - ға және Армениядан-16,8% - ға ұлғаюына байланысты [67].

ЕАЭО-дан экспортталатын тауарлардың негізгі сатып алушылары Еуропалық Одақ елдері (олардың үлесі экспорттық жеткізілімдердің 42,2% құрады) және АТЭС (28,3%) болды. ЕАЭО-дан тауарларды жеткізу бойынша Елдік бөліністе Қытай (15,1%) және Нидерланды (9,3%) көш бастап тұр. Одақ нарығына тауарлардың негізгі импорттаушылары Қытай (27,4%) және Германия (9,8%) болып табылады [68].

Еуразиялық интеграцияның инвестициялық әрекеттеріне тоқталсақ, инвестордың өз капиталын басқа мемлекеттің кәсіпорнына салуы арқылы, яғни *тікелей шетелдік инвестициялар* (ТШИ) арқылы көрініс табады [69, 7 б].

ЕАЭО құқығында Одаққа мүше мемлекеттер өз аумағында басқа мүше мемлекеттердің инвесторлары жүзеге асыратын инвестициялар мен қызметке қатысты әділ және тең құқылы режимді қамтамасыз ететін өзара инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы нормалар тіркелген. Бұл режимдер мен қорғаныс шаралары инвестициялардың барлық түрлеріне қолданылады. 2008 жылғы 12 желтоқсанда Мәскеуде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерде *«Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау» туралы келісімге қол қойылды* [70].

2019 жылғы қаңтарда ЕЭК INFOLine ақпараттық агенттігімен бірлесіп 2018-2022 жылдарға арналған ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ірі инвестициялық жобаларына шолу дайындалды, онда Одақтың 5 елінде жалпы инвестиция көлемі 3144,1 млрд. АҚШ долларды құрайтын инновациялық-индустриялық, өнеркәсіптік, азаматтық, көлік және энергетикалық

құрылыстағы 9580 инвестициялық жоба ұсынылды. Шолу өнеркәсіптегі кооперациялық ынтымақтастықты дамыту, инвесторлар, жабдықтар, шикізаттар мен материалдарды жеткізушілер, мердігерлер ретінде инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге серіктестерді өзара тарту бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді [71].

2020 жылы 16,2 миллиард доллар болса, 2021 жылдың қорытындысы бойынша жинақталған өзара ТШИ 18 млрд долларға бағаланды. ЕЭК деректері бойынша 2021 жылдың басында Арменияға түскен ТШИ жалпы көлемі 5 217,7 млн. АҚШ доллар, оның ішінде ЕАЭО елдерінен – 1 686,7 млн. АҚШ доллар (32,3%). Беларусьқа 14 110,3 млн. АҚШ доллар ТШИ. Қазақстанда ТШИ көлемі республикаға 167 117,7 млн. АҚШ доллары, ЕАЭО-дан түсетін түсімдер – 5 341,8 млн. АҚШ доллар (3,1%). Ресейде – 539 746,6 млн. АҚШ доллар, оның ішінде ЕАЭО-дан 4 806,8 млн. АҚШ доллар (0,8%) [72].

Еуразиялық Даму Банкінің (ЕДБ) деректері бойынша, 2 кестеде 2022 жылдың ортасына ЕАЭО елдерінің жинақталған өзара ТШИ көрсетілген. ЕАЭО аясында Ресей мен Қазақстан екі негізгі ойыншы ретінде әрекет етеді, жекелеген тауашалардағы Беларусь ТШИ-нің де маңызы зор. Жалпы ЕАЭО елдерінің өзара инвестицияларының көлемі МЕРКОСУРДАҒЫ деңгеймен салыстыруға болады [73].

ЕАЭО-дағы өзара ТШИ-дің 45% - 7 компания қамтамасыз етті, олардың жинақталған инвестициялары 2021 жылдың басында 11,3 млрд. АҚШ. доллар. Бұл компаниялардың қатарына ресейлік «Лукойл», «Газпром», «Атомэнергопром», «Сбербанк» және «Полиметалл», қазақстандық «КАЗ Минералз» және беларусьтік «Юрос Ойл» кіреді [74].

Страна-реципиент	Страна-инвестор					Всего
	Армения	Беларусь	Казахстан	Кыргызстан	Россия	
Армения	X	1	-	-	3121	3122
Беларусь	62	X	14	-	5385	5461
Казахстан	-	35	X	-	10667	10702
Кыргызстан	-	2	618	X	946	1566
Россия	3	601	3035	2	X	3641
Всего	65	639	3667	2	20119	24492

Кесте 2. 2022 жылдың ортасына ЕАЭО елдерінің жинақталған өзара ТШИ (млн.)

Ескерту – автор дереккөз бойынша құрастырған [73]

Сонымен қатар, Ресейдің қатысуынсыз бір ғана маңызды жұп және теңгерімсіз ағындармен — Қырғызстандағы қазақстандық ТШИ бар екенін атап өту қажет. Беларусьтағы ең ірі қазақстандық жоба – ТШИ көлемі 10 млн АҚШ долларын құрайтын «БТА Банкі» шағын еншілес құрылымы. Арменияда 1 млн доллардан асатын инвестициялары бар қазақстандық инвестициялық жобалар мүлдем анықталған жоқ. Қазақстандағы жетекші жоба қызмет көрсету саласында емес, өңдеу өнеркәсібінде («ҚазБелАЗ» Қарағанды облысында ТШИ жинақталған 23 млн. АҚШ доллары). Жалғыз маңызды армян инвесторы – агрозық-түлік кешенінде жұмыс істейтін «Мульти-Групп» жеке бизнес тобы бар [75].

ЕАЭО-да су-энергетикалық кешеннің инвестициялық ресурстарына деген жоғары қажеттілікке қарамастан, мысалы, жаңартылатын электр энергетикасы сияқты жоғары технологиялық салаларда ТШИ дамымаған, әсіресе Орталық Азияда [76].

ЕАЭО елдерінің «Жасыл» экономика жобаларына өзара ТШИ әлі шамалы. 2022 жылдың ортасында инвестиция көлемі 0,5 млрд АҚШ долларды құрады. Соңғы алты жылда 40%-ға өсуді негізінен Қазақстанда күн электр станциясын салу жөніндегі «Хевел» компаниясының жобасы есебінен қамтамасыз етілді.

Ресми түрде 2021 жылы ЕАЭО елдерінің өзара ТШИ-дағы ең ірі 1,1 млрд. АҚШ доллардан асатын 18,5% акциялар құны (бұрын үлесі 20%-ға жуық) Беларусь инвесторының «Уралкалий» компаниясының акционерлері қатарынан шығуы болды. Бұл ретте ірі ТҰК негізінен шикізат және инфрақұрылым салаларын білдіретін маңызды инвесторлар арасында үстемдік етеді. Мәселен, 2021 жылдың қорытындысы бойынша ЕАЭО шегінде жинақталған ТШИ келесі жобаларда барынша жоғары болды:


- «ЛУКОЙЛ» - Қазақстан, «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» акцияларының 13,5% (Қарашығанақ кен орны), 2,2 млрд. АҚШ доллар;
- «Газпром» - Беларусь, «Газпром трансгаз Беларусь» құбыр компаниясында 100%, 1,25 млрд. АҚШ доллар;
- KAZ Minerals (Nova Resources) — Ресей, Чукчи АҚ-дағы Баим мыс жобасы, 0,9 млрд. АҚШ доллар;
- «ҚазМұнайГаз» - Ресей, Каспий құбыр консорциумының 19% акциясы, 0,8 млрд. АҚШ доллар;
- «Сбербанк» - Қазақстан, Еншілес банк, 0,8 млрд. (2022 жылдың жазында сатылды) [77].

ТШИ жиынтығы бойынша бірнеше жобаларда «Газпром» көш бастап тұр — 2021 жылдың аяғында олардың жинақталған сомасы 3,2 млрд. АҚШ доллары. Сонымен қатар, топтың капитал салымдары жанармай құю станцияларының желілерін, «Газпром мұнай» еншілес фирмасының мұнай өндірісін қоса алғанда өте әртараптандырылған [78].

Сондай-ақ, Ресейден тыс жерлерде ЕАЭС елдерінде 1,5 миллиард

долларға жуық инвестиция салған «Атомэнергопром» да ерекшеленеді. Инвесторлар арасында түсті металлургияның тағы бір маңызды өкілі — «Полиметалл» (0,75 млрд. АҚШ доллар). Алайда, 2018 жылы компания Армениядан кетіп, тек Қазақстанда қалғанын ескерген жөн [79].

ЕАЭО шеңберінде жинақталған ТШИ-дің ТМД-дағы өзара ТШИ-дан басты айырмашылығы салалық құрылым болып табылады. Мысалы, мұнай мен табиғи газды өндіру ЕАЭО шегінде тек төртінші орынды алады, ал біріншісінде металл кендерін өндіру (6-сурет), ол тұтастай алғанда ТМД-да тек үшінші орында [80].



Сурет 6 ЕАЭО елдерінің өзара ТШИ салалық құрылымының өзгеруі, %

Ескерту – автор дереккөз бойынша құрастырған [80]

Суретке сәйкес, тікелей инвесторларға арналған атом электр станцияларында химиялық заттар мен химиялық өнімдер өндірісі аз рөл атқарады. Керісінше, сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру қызметтерінен басқа қаржылық қызметтерді ұсыну қызметі ЕАЭО елдерінің өзара ТШИ үшін маңызды, бұған ЕАЭО-да ортақ Қаржы нарығын қалыптастыру ықпал етеді [81].

Салалық құрылымдағы елеулі айырмашылықтар Ресей мен Қазақстаннан келген инвесторлардың екі ағымында да жалпы үстемдікте байқалады. Бұдан басқа, мұнай және газ өндірудің үлес салмағы бойынша екі еседен астам алшақтықты (ТМД-да 23,9% және ЕАЭО-да 10,3%) ЕАЭО елдері экономикасының ерекшелігіне есептен шығаруға болмайды, өңірлік интеграцияның екі ірі елі көмірсутектер кен орындарын игерумен байланысты салаларға көп жағдайда ғана сүйенеді. Осылайша, біз басқа посткеңестік елдердің нарықтарын қатар игеретін ресейлік және қазақстандық ТҰК-лардың айтарлықтай бәсекелестігі туралы айтып отырмыз, ал ТШИ-дің қарсы ағындары барлық қарқындылығымен табиғи шектеулерге ие.

Сарапшылардың пікірінше, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердегі

инвестициялық ағындардың орта мерзімді перспективалары:

- Алдағы жылдары инвестициялық ағындардың құрылымы өңірдегі интеграциялық процестермен, сондай-ақ елдер арасындағы екіжақты қатынастарды тереңдетумен айқындалатын болады.
- Өзара ТШИ салалық құрылымы біртіндеп әртараптандырылатын болады: бөлшек сауда, қаржылық қызметтер, автомобиль жасау, машиналар мен электр жабдықтарын өндіру дамиды.
- «Жасыл экономика» жобаларына өзара ТШИ ұлғаяды. Соңғы екі жылда мұндай жобаларға өзара ТШИ көлемі 56%-ға өсті. Қазақстан жаңартылатын энергия көздері тікелей капитал салымдарын тартуда көшбасшылықты нығайтады.
- Кәсіпорындарды нөлден құруды қамтамасыз ететін greenfield-жобалар санының озық өсуі жалғасады. Инвесторлар өздерінің технологиялары мен ресурстарымен жаңа нарықтарға кеңеюге қызығушылық танытуда. Бұл технологиялар трансферімен және ТШИ алушы елдердің экономикаларын жаңғыртумен сүйемелденетін болады.
- Инвестиция көлемі аз жобалар (1-5 млн.) салалардың кең тізімін қамтиды. Бұған экспортты қолдаудың ұлттық бағдарламалары, цифрлық технологияларды дамыту және елдер нарықтарының интеграциясы ықпал ететін болады.
- Өзбекстан ТШИ-ны тек Ресейден ғана емес, ЕАЭО-ға мүше басқа елдерден де ірі алушылардың бірі болады. Сондай-ақ, Өзбекстанның Ресейдегі және Орталық Азияның іргелес республикаларындағы инвестор-компаниялардың белсенділігін арттыруға болады [81].

Осыған байланысты, қаржы саласында үйлестірілген саясат жүргізе отырып, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер сыртқы сауда операцияларында есеп айырысу кезінде өздерінің ұлттық валюталарын пайдалану тәжірибесін кеңейтуге баса назар аударғанын байқаймыз. Бұл ретте басты мәселені шешу – бірыңғай валютаны енгізу. Неғұрлым терең кезеңі – бірыңғай Қаржы нарығын қалыптастыру және валюталық одақ құрудың басты тақырыбы ретінде қалдырады. Осы ретте, ЕАЭО елдерінің қаржы сарапшылары экономикалық интеграцияның қазіргі деңгейі одақ кеңістігінде бірыңғай валютаны енгізудің қажетті объективті экономикалық алғышарттарын әлі қамтамасыз етпейді деп санайды. Бүгінгі таңда кәсіпкерлік қоғамдастықтың алдында тұрған ішкі нарықтардағы кедергілерді еңсеру үшін күш салу маңызды.

2.2 ЕАЭО алаңында Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясының тиімділігі және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар

Қазақстан экономикалық дипломатиядағы маңызды субъектісі және объектісіне айналған ЕАЭО-ның мүшесі және негізін қалаушылардың бірі ретінде рөлін айқындау және одан әрі жақсарту мақсаты тұр.

Қазақстан үшін интеграциялық жобаға қатысу ішкі нарықтың шағын сыйымдылығын және теңізден қашықтығын ескере отырып, ерекше тиімді перспективаларды ұсынады. Әр елдің интеграция негізінде өзіндік артықшылықтары бар. Қазақстанға бұл бірыңғай кедендік нормалар базасында экспортты жеңілдету, бажсыз сауда, әлемнің басқа экономикалық макроөңірлеріне шығатын жаһандық көлік тораптарына интеграциялау.

Қазақстанның ЕАЭО-ға қатысуы мемлекеттік егемендікті сақтай отырып, әріптес елдермен неғұрлым тығыз және үйлесімді экономикалық ынтымақтастық пен кооперацияны қамтамасыз етуге толық мүмкіндік береді.

Бүгінде Қазақстан экономикалық дипломатия арқылы ЕАЭО-да және оның органдарында өз ұстанымын күшейту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде, сол арқылы өз бастамаларын іске асыру үшін қолда бар мүмкіндіктер мен тетіктерді белсенді пайдаланады. Мұнда Қазақстанның ЕАЭО-ға төрағалығы кезеңінде 2021 жылы ЕАЭО қызметіндегі үлкен жетістіктерді атап өту қажет.

Осы кезеңде Қазақстан ЕАЭО жұмысының бес негізгі бағытын қамтитын оның төрағалық ету басымдықтарын айқындады:

- 1) өнеркәсіптік ынтымақтастық;
- 2) әділ өзара сауда;
- 3) Еуразиялық транзиттік маршрут;
- 4) цифрландыру;
- 5) «ЕАЭО-ЕО» форматындағы диалог [82].

Бұл басымдықтарды Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың басында айқындады. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Одақ ішіндегі еркін сауда үшін кедергілерді жою қажеттігіне ерекше тоқталып, кейіннен осы бағыт бойынша үлкен нәтижелерге қол жеткізілгенін атап өтті. Мәселен, 2021 жылы ЕАЭО ішкі нарығындағы қолданыстағы кедергілер саны барынша азайды, 59 кедергіден 50-ге дейін. Кедергілердің бірі – тәркілеу толығымен жойылды [83].

Сондай-ақ Қазақстанның төрағалығы кезеңінде қабылданған интеграция процесі үшін бірқатар маңызды шараларды бөліп көрсетуге болады:

- ЕАЭО-ның азаматтарын жұмысқа орналастыру және жалдау мүмкіндіктерін кеңейтетін «Шекарасыз жұмыс» жобасының басталуы.

- ЕАЭО-да еңбекшілерді зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім қабылдау;

- кедендік транзиттің бірыңғай жүйесін құру бойынша екі келісімді

қабылдау [84].

Осы алаңда Қазақстанның бастамаларын іске асыру және дамыту елдің экономикалық белсенділігіне үлкен серпін бере алады, сол арқылы халықтың әл-ауқатын арттырады.

Қазіргі жағдайда Қазақстан үшін сыртқы әріптестермен орнықты экономикалық байланыстарды дамыту экономикалық дамудың маңызды векторы болып табылады. ЕАЭО осы тұрғыда экспорттық әлеуетті арттырудың кең мүмкіндіктері мен перспективалық бағыттарын ашады, бұл, сайып келгенде, қазақстандықтардың әл-ауқаты деңгейінде көрініс табады.

Экономикалық, әлеуметтік және биологиялық толқудың жаһандық күрделі жағдайы және 2022 жылғы Ресей-Украина қақтығысы мен басқа да сыртқы жағымсыз факторларға қарамастан, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасы ЖІӨ-нің 3,1% (225,2 млрд АҚШ доллары) деңгейінде сенімді өсу қарқынына қол жеткізді.

Қазақстанның ЕАЭО елдерімен өзара саудасы 2021 жылмен салыстырғанда 7,1%-ға өсті (2021 жылғы қаңтардан қарашаға дейін – 2 23,9 млрд АҚШ доллары, 2022 жылғы қаңтардан қарашаға дейін – 2 25,6 млрд АҚШ доллары). 2022 жылғы 11 айдың қорытындысына сәйкес, Қазақстанның ЕАЭО-ға экспорты 22,3%-ға өсті (2021 жылғы қаңтардан қарашаға дейін – 7 7,1 млрд АҚШ долларға, 2022 жылғы қаңтардан қарашаға дейін – 8 8,6 млрд АҚШ доллары). Қазақстанның ЕАЭО елдерінен импорты 0,7%-ға өсті (2021 жылғы қаңтардан қарашаға дейін – 1 16,8 млрд, 2022 жылғы қаңтардан қарашаға дейін – 17 млрд АҚШ долларға) [85].

Қазақстанның серіктестермен өзара саудасы ЕАЭО жұмыс істеген уақыт ішінде 60%-ға өскенін атап өтеміз. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның жалпы саудасындағы ЕАЭО-мен сауда үлесі 25,7% құрайды. Сол кезде Қазақстанның ЕАЭО-ға экспорты одақтың жұмыс істеуі кезеңінде 34,9%-ға өсті. Сонымен қатар, 2021 жылдың қорытындысы бойынша ЕАЭО елдерінен Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны 2015 жылғы инвестициялар көлемінен 3,2 есе (2015 жыл – 0 0,6 млрд АҚШ доллар, 2021 жыл – 1,97 млрд АҚШ дол'лар) асты. Бұл ретте үшінші елдерден инвестициялар 46,6%-ға өсіп, 2021 жылы 2 21,7 млрд АҚШ долларды құрады (2015 жыл - Қазақстан 14,8 млрд АҚШ доллары). Бұл да Қазақстанның ЕАЭО-ның ортақ нарығының бір бөлігі болып табылуының нәтижесі болып табылады [70].

Қазақстанда ЕАЭО елдерімен бірлескен кәсіпорындардың саны 2015 жылдан бастап 2022 жылғы қаңтар аралығында 2,4 есеге артып, 14 894 құрады. Олар өнеркәсіпте, құрылыста, саудада, қызмет көрсету саласында және басқа салаларда қызмет етеді [86].

ЕАЭО-ның күшіне енген шешімдеріне келетін болсақ, 2022 жылғы 27 қазанда ЕАЭО кедендік аумағында ветеринариялық мақсаттағы диагностикалық құралдардың айналымын реттеу Қағидалары бекітілді. Қағидалар ветеринариялық мақсаттағы диагностикалық құралдардың сапасын

бағалау жөніндегі бірыңғай рәсімдерді, олардың айналысына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын тіркеудің және олардың ақпараттық өзара іс-қимылының бірыңғай тәртібін белгілейді.

Ветеринариялық мақсаттағы диагностикалық құралдарды өндірушілер үшін бұл өз өнімдерінің ЕАЭО-ға мүше бір ғана мемлекетте алынған тіркеу куәліктері негізінде ЕАЭО-ның барлық елдерінің нарықтарында кедергісіз айналымын білдіреді.

Қағидалар ХЭБ, ФАО, ДДҰ және т.б. сияқты халықаралық ұйымдардың ұсынымдарымен үйлестіруді қамтамасыз етуге, олар ЕАЭО кедендік аумағында жүгінген кезде диагностикалық құралдарды бұрмалау тәуекелдерін азайтуға, сондай-ақ диагностикалық құралдармен халықаралық және өзара сауданы жүзеге асыру кезінде негізсіз әкімшілік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды болдырмауға бағытталған.

Ережелер Қазақстан, Армения, Беларусь және Ресей үшін 2024 жылғы 27 қазаннан бастап, Қырғызстан үшін — 2026 жылғы 27 қазаннан бастап қолданылады. Өтпелі кезең аяқталғанға дейін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары Қағидалардың ережелерін ұлттық заңнамаға имплементациялау, сондай-ақ зертханалық-құқықтық базаны дайындау бойынша жұмыс жүргізетін болады [86].

ЕАЭО ресми сайтының көрсеткіштеріне сәйкес, 2022 жылғы қаңтарда ЕАЭО сыртқы сауда айналымы 62,6% - ға, өзара сауда көлемі 17,3% - ға өсті. Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО-дан тыс елдермен сыртқы сауда көлемі 2022 жылғы қаңтарда 76,3 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылғы қаңтарға қарағанда 62,6% - ға артық. Экспорт 76,5% - ға, импорт 40,6% - ға өсті. Қазақстаннан (94,1%) және Ресейден (76,8%) ЕАЭО-дан тыс елдерге экспорт, Қырғызстанға импорт (2,8 есе) едәуір өсті. 2022 жылғы қаңтарда тауарлармен өзара сауда көлемі 5 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылғы қаңтардағы деңгейден 17,3% - ға жоғары. Өзара саудадағы экспорт көлемінің өсуі Одақтың барлық мемлекеттерінде тіркелді. Ең үлкен өсім Қырғызстанда (80% - ға) және Арменияда (34,3% - ға) байқалды [87].

Қазақстанның ЕАЭО-ның халықаралық саудадағы үлесі айтарлықтай өскеніне қарамастан, ол әлі де жалпы кедендік алымдардың 6,95%-ын алады. Армения - 1,22%, Қырғызстан - 1,9%, Беларусь - 4,86%. Қалғанының бәрі, яғни Ресей Федерациясының 85%-дан астамы [48]. Осыған байланысты, **Қазақстан үшін кедендік аударымдар бойынша көрсетілген нормативтерді ұлғайту ұсынылады.**

Осы кезеңде ЕАЭО-ны дамыту күрделі дағдарыс, геосаяси Бәсекелестік және Ресей мен Беларуське ЕАЭО қатысушыларына қатысты әлеуметтік, саяси және экономикалық санкциялар жағдайында жүргізіліп жатқанын ескеру қажет. Осыған байланысты, ЕАЭО алаңында бірлескен жобаларды іске асыру санкциялық сипаттағы тәуекелдермен ұштасады. Сонымен қатар, аталған жалпы экономикалық шектеулер жаңа мүмкіндіктер ашады, оның

ішінде Қазақстан алдында көпвекторлы сыртқы саясат жүргізеді және барлық тараптармен достық қарым-қатынасты қолдайды.

Қазақстан Орталық Азияның ірі экономикасы бар, ЖІӨ-і Орталық Азияның барлық мемлекеттерінен көп мемлекет. Көп қырлы, теңдестірілген сыртқы саясатты жүргізеді және Қытай мен Орталық Азиядағы көршілері, сондай-ақ Жапония, Америка Құрама Штаттары және ЕО сияқты ірі әлемдік державалармен өзара тиімді және тең құқықты қатынастарды дамытуға тырысады. Қазақстан өз кезегінде Қытай Халық Республикасының (ҚХР) Орталық Азиядағы ең ірі сауда серіктесі болып табылады.

ҚХР мен ЕАЭО және оның мүше мемлекеттері арасында 2018 жылғы 17 мамырда қол қойылған және 2019 жылғы 25 қазанда күшіне енген сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім бар [88]. Қазақстан және Қытай Үкіметтері трансұлттық корпорациялар деңгейінде белсенді ынтымақтасады, бұл ЕАЭО-да тікелей Қытай капитал салымдарының өсуімен бірге экономикалық ортадағы ҚХР мен Қазақстан Республикасының екіжақты байланыстарының сипатын зерделеуге жағдай жасайды.

ҚР ҚХР Елшілігінің ресми парақшасындағы ақпаратқа сәйкес, 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚР мен ҚХР арасындағы тауар айналымы рекордтық 31,2 млрд долларға жетті. Өзара сауданың жыл сайын 23,6% өсуінің жоғары серпініне негізінен Қазақстанның Қытайға ауыл шаруашылығы өнімдерін 133,7% - ға, шикізаттық энергетикалық өнімдерді - 58% - ға, химиялық өнімдерді 25,2% - ға жеткізуін ұлғайту есебінен қол жеткізілді [89].

Осы көрсеткіштерді, сондай-ақ Қазақстанның географиялық орналасуын ескере отырып, оның үлкен транзиттік әлеуеті мен инвестициялық тартымдылығын түсіндіре отырып, Қазақстан Кедендік аударымдардағы үлесті РФ деңгейінде ұлғайту үшін барлық артықшылықтарға ие. Еліміздің әл-ауқатының өсуін қамтамасыз ету үшін барлық құралдарды, оның ішінде ЕАЭО тұтқаларын барынша және тиімді пайдалану міндеті тұр.

Өз кезегінде **Қазақстанның ЕАЭО бюджетіне үлестік жарнасын арттыруға қатысты мәселені қарауды ағымдағы жылдың 7-9 маусымына Сочи қаласында жоспарланған Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырысына енгізу ұсынылады** [90].

Мұнда Батыс елдерінің Ресейге қарсы санкцияларды қабылдауы және ЕАЭО-ның экономикалық даму қарқынына әсері маңызды өзара байланысты көрсетеді. Санкциялардың негізгі міндеті – елдің сыртқы экономикалық байланыстарды дамытуды қоса алғанда, белсенді дербес саясат жүргізу мүмкіндіктерін шектеу болғандықтан, Ресейге қарсы санкциялар сөзсіз ЕАЭО мен оның негізгі қатысушыларына әсер етуі керек еді.

Өз кезегінде, ынтымақтастықтың дәстүрлі қағидаттарын, қалыптасқан экономикалық қатынастарды бұзу жағдайында ЕАЭО-ның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа қағидаттарды қалыптастыру, жаңа тәсілдер мен

құралдарды енгізу, сондай-ақ өзара іс-қимыл тізбектерін қайта конфигурациялау қажеттілігі туындайды.

Бұл бағытта елдер құрамын, сондай-ақ ЕАЭО әріптестерін кеңейту жөніндегі процестерге ерекше назар аудару қажет болып көрінеді. **Түркия ЕАЭО құрамына кіріп, ЕАЭО мен Пәкістан Ислам Республикасы (ПИР) арасындағы еркін сауда туралы келісімге қол қою** арқылы толыққанды еркін сауда аймағын құруға және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстан үшін және жалпы ЕАЭО үшін мәдени, географиялық, экономикалық, этникалық және тарихи байланыстарды талдау Түркия стратегиялық маңызды серіктес бола алады. Түркияның ЕОЭО-ға мүшелігі жаңа сауда жолдарын ашып, Таяу Шығыс пен Жерорта теңізіне жол ашар еді. Түркия үшін Бұл Беларусь арқылы Шығыс Еуропамен және Қазақстан арқылы Қиыр Шығыспен сауда жасауға мүмкіндік береді. Қара теңізде жаңа мүмкіндіктер ашылар еді.

Түркияның ЕАЭО-ға кіруі Кеңес Одағының қалпына келуі мүмкін деген қауесетті жояды. Түркияның Еуразия халықтарымен этникалық, діни және мәдени байланыстары Түркияның Еуразиялық бірегейлігін нығайта түсер еді. [91].

Қазақстан мен ПИР Оңтүстік Азияда стратегиялық географиялық орналасуға ие. Бүгінгі таңда екі ел арасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссия құрылып, жұмыс істейді. Қазақстан мен ПИР арасындағы тауар айналымы 2022 жылдың 9 айында 2021 жылмен салыстырғанда 17,9% - ға өсіп, 57,0 млн. АҚШ долларға жетті. 2021 жылдың қорытындысы бойынша екіжақты сауда көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі еседен астам ұлғайып, 9 95,1 млн АҚШ долларын құрады [92].

Сондай-ақ, Пәкістан ЕАЭО-ға мүше елдермен тығыз қарым-қатынаста. ЕАЭО мемлекеттері Пәкістанмен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, экономикалық ынтымақтастық ұйымы және Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы сияқты түрлі ұйымдарда мүшелікті өзара алмастырады [93].

ПИР екі рет, атап айтқанда 2015 жылдың тамызында ПИР премьер-Министрі Наваз Шариф елдің ЕАЭО-мен еркін сауда туралы келісім жасасуға мүдделі екенін мәлімдеді [94]. Кейін 2016 жылы қаңтарда қайта еркін сауда аймағын құру туралы қайта үндеу жолдады. Алайда, ПИР мен Армения, Түркия мен Армения арасында дипломатиялық қарым-қатынастың болмауына байланысты ол үлкен мәселе болып қала береді.


Дегенмен, осы мәселені Еуразиялық интеграция драйверлерінің бірі – Ресей мен Армения арасындағы келіссөздер жүргізу арқылы шешу мүмкіндігі туады. Себебі Ресейдегі сыртқы санкциялық қысым жағдайына байланысты ЕАЭО тетіктерін пайдалана отырып экономикалық байланысты одан әрі


жүргізе алады. Осы орайда ПИР, Туркия елдерінің ЕАЭО-мен еркін сауда туралы шешімдерді әзірлеу нұсқасы бар. Жаңа шындықтағы өзара әрекеттесудің оңтайлы моделін табу мәселесі туындайды.

Пәкістан өз кезегінде ЕАЭО елдеріне Гвадар порты арқылы теңізге және Парсы шығанағы елдерінің нарықтарына шығуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Оңтүстік Азиядан тауар айналымын ұлғайту мақсатында Трансафган дәлізін, атап айтқанда Пәкістанмен ілгерілету ұсынылады. Орталық Азияның Ауғанстан мен Пәкістан және Таяу Шығыс арқылы өтетін «Трансауған дәлізі» ЕАЭО арасындағы тауар айналымын едәуір арттыра алар еді (сурет 7).

The Mazar-i-Sharif (Afghanistan) -Hulm-Puli-Khumri-Doshi-Surabay-Jlealabad-Torkham (Pakistan) railway line project



*  ЕАЭС мүше елдері арқылы ПИР-мен желісі

Сурет 7 ЕАЭС мүше елдері арқылы ПИР-мен экономикалық дипломатия желісі

Ескеру – Автор дереккөз бойынша құрастырған [95]

Жоғарыдағы көрсетілген суретте 2021 жылы Өзбекстан мен Ауғанстан арасындағы Орталық Азиядағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге бағытталған «Трансауған дәлізін» ұсынылған бағыт. Ол Ауғанстан арқылы Пәкістанмен және Таяу Шығыспен ең қысқа маршрутпен байланыстырады, өңіраралық үздіксіз көлік қатынасын қамтамасыз етеді және сауда-экономикалық алмасулар динамикасына жаңа серпін береді [96].

Берілген ұсыныс қызғылт сары түспен белгіленген бағыт ПИР еліндегі

Лахор қаласынан басталып, Ауғанстан – Тәжікстан – Ресей – Қырғыстан – Қазақстан дейін транзиттік жол арқылы тасымалдана алады. Өз кезегінде Беларусь Ресей арқылы сауда ісімен айналыса алады.

Бүгінде Үндістан Өзбекстанға Пәкістан мен Ауғанстан арқылы транзитпен коммерциялық жүк жіберу процесі еркін басталды [97].

2023 жылы 27 сәуірде ПИР Лахор қаласында «Қазақстан үйі» ашылды. Өз кезегінде Пәкістан азаматтарына қызметтердің кең спектрін ұсыну және «бір терезе» қағидаты бойынша кеңес беру, сондай-ақ онда қазақстандық виза мәселелері бойынша қолдау көрсету мүмкіндігімен қатар туризм, мәдениет, білім беру, сауда және инвестициялар саласындағы ынтымақтастықты дамыту бөлімдері ұсынылған. Бұл екі тараптың экономикалық дипломатия қатынасын одан әрі нығайтуға мүдделі әрекет [98].

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігінің бірінші вице-министрі А. Шаққалиев пайымдауына сәйкес, Пәкістан Қазақстан үшін үшінші елдердің нарықтарына шығу үшін терезе бола алады. Біз өз тарапымыздан QazTrade бірлескен қазақстан-пәкістан компаниясын құру арқылы Пәкістанға ЕАЭО нарығына кіруді ұсына аламыз делінген [99].

Ал ПИР мен ЕАЭО арасында еркін сауда немесе мүше мемлекеті келісімі орнату арқылы Қазақстанға теңіз порттарына кіру мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде Таяу Шығыс елдеріне тауарлар мен жүктерді жіберу мүмкіндігі болады.

Қазақстанның Лахор қаласындағы Қазақстан Республикасының Құрметті консулы Р.Х. Махмудтың хабарлауынша, ПИР Қазақстаннан 5 млн тоннаға дейін ұн мен бидай өнімдерін сатып алуға, сондай-ақ шикі қант пен күршітті қазақстандық нарыққа жеткізуге мүдделі [99].

Қазақстан экономикалық дипломатияның тетіктерін пайдалана отырып, екі тарапқа ЕАЭО мен ПИР арасындағы еркін сауда туралы келісімге қол қоюды ұсына алады. Сондықтан сауда және көліктік өзара іс-қимылды кеңейту ЕАЭО елдері үшін перспективалық міндет болып табылады.

Сауда, инвестициялық және қаржылық аренадағы қатаң бәсекелестік жағдайында серіктес елдер мен халықаралық институттардың географиясын кеңейту процесі ЕАЭО-ға қатысушы елдердің қосымша артықшылығын қамтамасыз етеді. Тиісінше, отандық өндірушілер алдында жаңа өткізу нарықтары ашылады, бұл шығарылатын өнім көлемін ұлғайтуға, жаңа өндірістерді құру, жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту және жаңғырту үшін инвестициялар мен қаржыландыру ағыны ұлғаяды.

Қазақстан үшін экономикалық әлеуеті зор ел ретінде **Одақтың мүмкіндіктерін пайдалану керек.** Әсіресе **инвестициялық тартымдылықты арттыру,** ЕАЭО-ның ішкі нарығына да, үшінші елдерге де қазақстандық өнімдердің экспортын кеңейту, халықаралық саудаға толыққанды интеграцияны қамтамасыз ету үшін **көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту** жолымен транзиттік әлеуетті іске асыру

бөлігінде белсенді пайдалану қажет.

Қазақстанның үлкен экономикалық әлеуетін түсіну үшін мынадай бірқатар негізгі факторларды атап өтуге болады.

Бірінші. Қазақстан Орталық Азияның ірі экономикасы болып табылады. Президенттің мәліметінше, бүгінде Орталық Азиядағы шетел инвестициясының 75 %-ы Қазақстанға тиесілі [70].

Қазақстанның ЖІӨ Орталық Азияның барлық мемлекеттерінен көп. Елдің экономикалық тұрақтылығын елдің халықаралық резервтері қамтамасыз етеді, олар шамамен 90 миллиард АҚШ долларды құрайды [102].

Екінші. Күшті экономика мен инвестициялық тартымдылықтың, сондай-ақ тиімді экономикалық дипломатияның арқасында Орталық Азия аймағындағы ең ірі тікелей шетелдік инвестиция алушысы болып қала береді [103].

Үшінші. Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі транзиттік торап болып табылады және Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасын іске асырудағы орталық буын болып табылады [104].

Қазақстанда көліктің барлық түрлері (теміржол, теңіз, автомобиль және әуе) үшін қуатты инфрақұрылым дамыған. Мәселен, Қазақстан аумағын ашық аспан режимі бар 12 әуежай және 11 транзиттік дәліз кесіп өтеді. Бұдан басқа, Қытай-Еуропа бағыты бойынша жерүсті транзиттік тасымалдарының 83% Қазақстан арқылы өтеді. Жүк пойыздары межелі жерге небәрі 14 күнде жетеді, бұл теңіз пойыздарынан 3-4 есе жылдам [105].

Сондай-ақ, Қорғас құрлық порты Қытай мен Еуропаны сәтті байланыстырады (Ляньюньган порты). Қуаттылығы 27 млн. тоннаға дейінгі Ақтау және Құрық теңіз порттары Еуропа мен Парсы шығанағы елдерінің оңтүстік бөлігіне шығуды қамтамасыз етеді [105].

Тағы бір бәсекелестік артықшылық – табиғи ресурстардың бай базасы. Қазақстан ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы бойынша әлемде 6-шы орында, онда жердің 80% - дан астамы (220 млн. га) ауыл шаруашылығы өндірісі үшін пайдаланылады [106]. Сонымен қатар, Қазақстанда 46 триллион АҚШ долларынан астам сомаға 5000-нан астам зерттелмеген кен орындары бар [107].

Өз кезегінде, Қазақстан аумағы үлкен, стратегиялық орналасқан жері және бай табиғи-ресурстық базасы, сыртқы саясаттағы экономикалық дипломатияның басымдығы бар ел болып табылады. Бұл елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және халықтың әл-ауқатының тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін қиын кедергілерден өтуде. Атап айтқанда, 2019 жылы биологиялық ретінде басталған дағдарыс, Ресей-Украина қақтығысы әлемнің көптеген елдерінің даму барысын бұзып, дәстүрлі байланыс тізбегін тоқтатты.

Осы орайда, тиімді құрылған экономикалық дипломатия арқылы Қазақстан халықаралық ұйымдарда белсенді қатысушы, ірі экономика және Орталық Азия өңіріндегі тікелей шетелдік инвестицияларды алушы болып

қала береді. Қазіргі жағдайда дипломатияның осы бағытын дамыту перспективалы және өзекті болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңда Еуразиялық экономикалық одақты институционалдық және құқықтық ресімдеу аяқталды, бұл іс жүзінде тауарлар, қызметтер, капитал мен жұмыс күшінің қозғалыс еркіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бірыңғай сыртқы сауда және кедендік реттеу қолданылады, техникалық және монополияға қарсы реттеу, нақты секторды субсидиялау саласында жалпы құқықтық өріс құрылды, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, көлікте, энергетикада және басқа да салаларда ынтымақтастық іске асырылуда.

Дегенмен, соңғы жаһандық өзгерістерге байланысты, пандемиядан кейінгі қалпына келтіру процестерін жүзеге асыру кезеңінде Ресей-Украина қақтығысы орын алды. Ол дағдарыс моделін өзгертті, қолда бар саяси, әскери және көші-қон сілкіністерімен толықтырды. Бұл оқиғалардың салдары бүкіл әлемдік тәртіп архитектурасына, қауіпсіздікке және жалпы әлемдік құрылымға әсер етті. Осыған қарамастан, Қазақстанның әлемдегі рөлі және интеграциялық бірлестік ЕАЭО мүшесі ретінде дипломатиялық қарым-қатынастарды пайдалана отырып экономикасы арта түсуде.

Осы орайда зерттеуді қорытындылай келе, келесі негізгі ойларды атап өту қажет.

1. Қазіргі жаһандық әлемде экономикалық дипломатия жаңа сауда және инвестициялық ағындарды құру тұрғысынан кеңірек түсіндіріледі.

2. «Экономикалық байланыстарды дамытудың, сауда және инвестициялық ынтымақтастықты тереңдетудің, аймақтық блоктарды қалыптастырудың, яғни экономикалық дипломатияны оның шығармашылық мағынасында» жүзеге асырудың көптеген жолдары мен мүмкіндіктері бар.

3. Бұл мүмкіндіктердің барлығы ел ішінде тұрақты дамуды қамтамасыз ету, елдің жалпы экономикалық саясатының құрамдас бөлігі ретінде дипломатияның, экономикалық дипломатияның саясатын жетілдіру және ұлттық экономиканы жаңғырту, сондай-ақ саяси тұрақтылықты нығайту жағдайында ғана іске асырылуы мүмкін.

4. Одақ елдері арасындағы Қазақстанның экономикалық дипломатиясы көп қырлы – сауда көлемін ұлғайту, серіктес мемлекеттердің нарығына өзара қол жетімділік, ол арқылы әкімшілік шығындардың азаю, технологияға қол жеткізу мүмкіндігі, инвестициялық тартымдылықты ұлғайту, үшінші елдермен келіссөздер үрдісін күшейтуші.

5. Қазақстанның географиялық орналасуын, транзиттік әлеуеті мен инвестициялық тартымдылығын түсіндіре отырып, ЕАЭО-ғы кедендік аударымдардағы үлесін ұлғайту ұсынылады.

6. ЕАЭО әріптестерін кеңейту жөніндегі процестерге ерекше назар аудару қажеттілігі. Түркия ЕАЭО құрамына кіріп, ЕАЭО мен Пәкістан Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге қол қою арқылы экономикалық дипломатияны толыққанды дамыту.

7. ЕАЭО-ның тетіктерін пайдалана отырып, Қазақстанның көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту жолымен транзиттік әлеуетті іске асыру.

8. Ұйымның тиімділігін қамтамасыз ету үшін экономикалық қызметті ғана емес, сонымен бірге бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық орталықтар құру арқылы ғылыми-технологиялық, білім беру-практикалық жобаларды, медицина саласындағы жобаларды іске асыру.

9. Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарының іс-шараларын қатаң бақылау маңыздылығы.

10. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер, үшінші елдермен инновациялық және цифрлық ортаны қалыптастыру, азаматтардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыру, сыртқы әріптестермен өзара тиімді және тең құқылы ынтымақтастық құру міндеті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мавланов И. Р. Экономикалық дипломатия // Из истории становления экономической дипломатии: - 2-е изд., испр. И доп. – М.: «Аспект Пресс», 2016. – 16 б.
2. Бабин Э.П., Исаченко Т.М. Внешнеэкономическая политика. М: Экономика, 2006. 454 с
3. Шевченко Б. И. Экономическая дипломатия в современной системе международных отношений // Экономический журнал. 2016. №5(41). 31 б.
4. Шишкова Ю. В. Интеграционные процессы на пороге XXI века: Почему не интегрируются страны СНГ. М., 2001, 25 б.
5. Краткий внешнеэкономический словарь. М.: Международные отношения, 1984. С. 220-221
6. Дипломатический словарь
7. Лихачев А.Е. Экономическая дипломатия России. Новые вызовы и возможности в условиях глобализации. Москва : Экономика, 2006.
8. <https://strategy2050.kz/ru/news/53282/>
9. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.
10. Ливенцева Н.Н. Международные экономические отношения. М.: Проспект, 2008. С 380
11. Лабин Д. К. [Московский журнал международного права](#). 2018. № 3. С. 40
12. Щетинин В. Д. Экономическая дипломатия: Учеб. пособие. М.: Международные отношения, 2001. С. 39
13. Нартов Н. А. Геополитика: Учебник. 3-е изд. М.: ЮНИТИ-ДАНА, Единство, 2004. С. 38
14. ЕАЭО ресми сайты <https://eec.eaeunion.org/upload/medialibrary/b7f/Analiz-integratsionnykh-obedineniy.pdf>
15. Боришполец К. П. Методы политических исследований: Учеб. Пособие. М.: Аспект Пресс, 2005, с. 55
16. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 936 қаулысы;
17. Арыстанқұлова Г.М. Қазақстан Республикасы экономикалық дипломатиясының кейбір концептуалдық аспектілері // Қазіргі Қазақстанның экономикасы: даму проблемалары мен перспективалары:

- XVII халық. ғыл.- тәжір. конф. баяндамалар жинағы. – Астана, 2019. – Б. 85-88.
18. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.
 19. Токаев К.К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. – Алматы: АО «САК», НП ПИК «GAUHAR», 2000. – 548 с.
 20. Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстан. – Астана: Елорда, 2001 – 552 с.
 21. Н.Ә. Назарбаевтың еуразиялық интеграция идеясына 25 жыл (в оценках экспертов КИСИ при Президенте РК). Нур-Султан: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан (2019) 7-9
 22. Центральные исполнительные органы Казахстана должны согласовывать с Министерством иностранных дел страны свою текущую международную деятельность // <http://nomad.su>. 14.02.2018.
 23. Мемлекет басшысының төрағалығымен Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісі өтті. 2016 жылғы 3 ақпан // <http://www.akorda.kz/rasshirennoe-zasedanie-kollegii-ministerstva>. 2017
 24. Сулейменов Т.С. Эффективное государственное управление: избранные статьи, выступления, интервью. – Астана, 2017 – 272 с.
 25. Тусупбекова Л. Тонкости экономической дипломатии // Казахстанская правда. – 2016, октябрь – 11.
 26. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы: 2014 жылдың 21 қаңтары, №741 бекітілген // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000741>. 26.08.2018.
 27. ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының КИСИ бас ғылыми қызметкер Додонов В. 2019, <https://www.zakon.kz/4958721-ekonomicheskaya-diplomatiya-kazahstana.html>.
 28. Кушкумбаев С.К. Приоритеты внешней политики. «Большая политика» // <https://khabar.kz/prioritety-vneshnej-politiki-bolshaya-politika>. 2019).
 29. Әбдірахманов Қ.Қ. Экономикалық дипломатия Президенттің тапсырмаларын орындауға бағытталатын болады // <http://mfa.gov.kz/abdrahmanov-ekonomiceskaa-diplomatia-skoncentriruetsa> 18.10.2018.
 30. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 806 Жарлығы
 31. Сыздыкова Л. Экономический вектор внешней политики // Казахстанская правда. – 2019, январь – 17.
 32. Атамқұлов Б.Б. СІМ дамудың жаңа кезеңінде // Дипломатия жаршысы. – 2019. – №1. – С. 166.
 33. Инвестициялардың жаңа толқынын тарту үшін ҚР Премьер-Министрінің төрағалығымен Үйлестіру кеңесі құрылды.

- <http://www.mfa.kz/pod-predsedatelstvom-premer-ministra-sozdan-koordinacionnyjsovet>. 2019
34. Вааль Т. Новую архитектуру» привлечения инвестиций создают в Казахстане // <https://vlast.kz/novuu-arhitekturu-privlechenia-investicij>. 22.04.2019.
35. Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігі Ұлттық экспорттық стратегиян жаңарту жұмыстарын бастады // <https://primeminister.kz/kz//ministerstvom-torgovli-i-integracii-rk-nachata-rabota-poaktualizacii-nacionalnoy-eksportnoy-strategii>.2019
36. Қазақстан Республикасының Словак Республикасындағы Елшілігі <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-bratislava/press/article/details/4102?lang=kk>
37. Sputnik ақпараттық жаңалық сайты <https://ru.sputnik.kz/20211118/Kazakhstan-perezagruzka-ekonomicheskaya-diplomatiya-Tokaev-18694505.html>
38. ҚР Ұлттық банкінің ресми сайты <https://www.nationalbank.kz/ru/news/pryamye-investicii-po-napravleniyu-vlozheniya>
39. ҚР Ұлттық Банкі <https://nationalbank.kz/ru/news/pryamye-investicii-po-napravleniyu-vlozheniya> 2023
40. Арайлым Мұрат, 2022, https://www.inform.kz/ru/potok-pryamih-investiciy-v-kazahstan-vyros-na-28_a4015720
41. Каримова, Alataunews <https://www.alataunews.kz/ru/elorda/kazahstan-planiruet-privlech-150-mlrd-dollarov-investicij-v-sleduyushhie-7-let/> 2022
42. ҚР ПМ ресми ақпаратты ресурс, 2019 <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/investicii-kak-klyuchevoy-drayver-rosta-kazahstanskoy-ekonomiki-novye-predpriyatiya-peredovye-tehnologii-i-sozdanie-rabochih-mest>
43. ҚР СІМ ресми ақпараттық ресурсы <https://www.gov.kz/memleket/entities/invest/press/article/details/6906?lang=kk>
44. Сулейменов Т.С. Эффективное государственное управление: избранные статьи, выступления, интервью. – Астана, 2017. 35-36 б.
45. Хасбулатова Р.И. (2019). Экономикалық дипломатия
46. ҚР Президентінің ресми сайты https://www.akorda.kz/kz/speeches/external_political_affairs/ext_speeches_and_addresses/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtynmvlomonosov-atyndagy-meskeu-memleketik-universitetinde-soilegen-sozi
47. ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/activities/7788?lang=kk>
48. ҚР Ресей Федерациясындағы Елшілігі ресми сайты https://kazembassy.ru/kaz/sotrudnichestvo/mnogostoronnee_sotrudnichestvo/evraz_ekonom_integraciya/

49. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V Заңы
50. Ресми сайт
<https://eec.eaeunion.org/comission/department/catr/nontariff/ep.new.php>
51. ЕЭК Кеңесінің 2021 жылғы 05 наурыздағы №10 Нұрсұлтан қ. зергерлік және басқа да бұйымдарды сынауға, талдауға және таңбалауға қойылатын талаптар туралы шешімі
52. Еуразиялық экономикалық одақтың 2017 жылғы 11 сәуірдегі Кеден кодексі туралы шарт
53. «Альта софт» кеден бойынша ресми ақпараттық сайт
https://www.altar.ru/expert_opinion/52976/
54. ЕАЭО ресми сайты <https://eec.eaeunion.org/news/soglashenie-o-primenenii-v-eaes-navigatsionnykh-plomb-dlya-otslezhivaniya-perevozok-vstupilo-v-silu/>
55. ЕАЭО Ресми сайты <https://potrebitel.eaeunion.org/ru-ru/Pages/eec.aspx>
56. Білім шапағаты. Республикалық апталық газеті 22.11.22
<https://bsh.kz/news/13583>
57. 2017 жылғы 11 қазандағы №12 ЖЕЭК шешімі
58. «ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің салық жүйелеріне шолу» 2019.
<https://eec.eaeunion.org/upload/files/paos/library/202019.pdf>
59. ҚР 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы
60. ЕАЭО ресми сайты. «Өнеркәсіптік Саясат. ЕАЭО. Интеграция»
<https://eec.eaeunion.org/upload/files/paos/library/%D.pdf>
61. ЕАЭО ресми сайты. Раздел XXVI ТРУДОВАЯ МИГРАЦИЯ
https://eec.eaeunion.org/upload/structure-files/migration/resheniya/1_razdel_xxvi_dogovora.pdf
62. ЕАЭО миграциялық картасы.
http://www.consultant.ru/law/podborki/migracionnaya_karta_eajes/
63. ЕАЭС ресми сайты <https://eec.eaeunion.org/news/eek-aktualizirovala-informatsiyu-dlya-trudyashchikhsya-stran-eaes/> 29.08.22
64. Келісім валюталық реттеудің келісілген тәсілдері туралы құқықтық қатынастар және ераықтандыру шараларын қабылдау шарты
https://docs.eaeunion.org/pd/ru-ru/012289/pd_08062015_att.pdf
65. ЕАЭС ресми сайты <https://eec.eaeunion.org/kk/news/obem-vneshney-torgovli-eaes-dostig-844-mlrd-dollarov-ssha-v-2021-godu/>
66. Баранай, Павол. Современная экономическая дипломатия — 23.03.09. Актуальные проблемы экономики
https://www.dec.lv/mi/Baranay_Pavol.pdf

67. ЕАЭС ресми сайты https://eec.eaeunion.org/kk/news/obem-vneshney-torgovli-eaes-dostig-844-mlrd-dollarov-ssha-v-2021-godu-/?sphrase_id=83285
68. ЕАЭО ресми сайты <https://eec.eaeunion.org/news/obem-vneshney-torgovli-eaes-dostig-844-mlrd-dollarov-ssha-v-2021-godu-/>
69. Прямые инвестиции в Евразийском экономическом союзе. Статистический бюллетень 2017 г. / Евразийская комиссия. – М., 2018. – С. 7.
70. Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттерде инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 10 шілдедегі N 173-IV Заңы.
71. - Strategy 2050 аналитикалық-шолу порталы. ЕАЭО дамуының негізгі бағыттары, 2021 <https://strategy2050.kz/news/eaeo-damuyny-negizgi-bayttary/>
72. Интернет портал СНГ. 2022. <https://e-cis.info/news/566/102384/>
73. Еуразиялық Даму Банкінің ресми сайты <https://eabr.org/analytics/special-reports/monitoring-vzaimnykh-investitsiy-eabr-2022/>
74. Интернет портал СНГ. 2022. <https://e-cis.info/news/566/102384/>
75. ЕДМ ресми сайты 2022 https://eabr.org/upload/iblock/d2b/EDB_2022_Report-5_Monitoring-of-Mutual-Investments_rus.pdf
76. Винокуров, Е., Ахунбаев, А., Шашкенов, М., Забоев, А. (2021) Международный транспортный коридор «Север — Юг»: создание транспортного каркаса Евразии. Доклад 21/5. Алматы, Москва: Евразийский банк развития. [https://eabr.org/analytics/special-reports/mezhdunarodnyytransportnyy-koridor-sever-yug-sozdanie-transportno-go-karkasa-evrazii-/](https://eabr.org/analytics/special-reports/mezhdunarodnyytransportnyy-koridor-sever-yug-sozdanie-transportno-go-karkasa-evrazii/)
77. ЕДМ ресми сайты 2022 https://eabr.org/upload/iblock/d2b/EDB_2022_Report-5_Monitoring-of-Mutual-Investments_rus.pdf
78. Булатов, А., Кузнецов, А., Платонова, И. (2022) Россия в международном движении капитала в 2020 — начале 2021 г. Аналитический доклад. Москва: МГИМО
79. Хабар 24 (2022) А. Смаилов: мы будем стимулировать релокацию производств. 22 сентября. Доступно на: <https://24.kz/ru/news/policy/item/565125-a-smailov-my-budem-stimulirovat-relokatsiyuproizvodstv>
80. Центральный Банк РФ 7.09.2022. Прямые инвестиции в Российскую Федерацию: входящие остатки по инструментам и странам-партнерам. http://cbr.ru/vfs/statistics/credit_statistics/direct_investment/10-dir_inv.xlsx

81. ЕДМ ресми сайты 2022
https://eabr.org/upload/iblock/d2b/EDB_2022_Report-5_Monitoring-of-Mutual-Investments_rus.pdf
82. Интернет-площадка для аналитики по проблем международных отношений «Фонд стратегической культуры» 2022.
https://www.fondsk.ru/news/2022/08/08/o-finansovom-vzaimodejstvii-gosudarstv-chlenov-eaes-56892.html?utm_source=yxnews&utm_medium=desktop&utm_referrer=https%3A%2F%2Fyandex.ru%2Fnews%2Fsearch%3Ftext%3D
83. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми сайты (2023) Қазақстан ЕАЭО-да: артықшылықтары, нәтижелері және кірістері.
<https://primeminister.kz/ru/news/reviews/kazakhstan-v-eaes-preimushchestva-rezultaty-i-dokhody-22880>
84. Додонов В.Ю. (2020) «Қазіргі заманғы сын-қатерлер және экономиканы қайта құру». ЕАЭО ішкі нарығындағы кедергілер, Ғылыми конференция, <file:///C:/Users/Admin/Downloads/70102705.pdf>
85. ЕЭО ресми сайты, 2022 https://eec.eaeunion.org/kk/news/proekt-rabota-bez-granic-startoval-v-eaes/?sphrase_id=48440
86. ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БЮРОСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ РЕФОРМАЛАР АГЕНТТІГІ. Қазақстан Республикасының сауда емес айналымы <HTTPS://NEW.STAT.GOV.KZ/RU/INDUSTRIES/ECONOMY/FOREIGN-MARKET/PUBLICATIONS/15320/>
87. Қазақ газеті. 2023 Қазақстан ЕАЭО-да: артықшылықтар, нәтижелер мен табыстар <https://kazgazeta.kz/news/134127>
88. ЕАЭС ресми сайты <https://eec.eaeunion.org/kk/news/oborot-vneshney-torgovli-eaes-v-yanvare-2022-goda-vyros-na-62-6-obem-vzaimnoy-torgovli-na-17-3/>
89. Еуразиялық экономикалық комиссия қызметінің негізгі нәтижелері туралы Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 10 Өкімі
90. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігі
91. Sputnik Kazakhstan, Сарбасов Е. <https://sputnik.kz/20230203/kelesi-euraziyalıq-ukimetaralyq-kenes-sochide-otedi-31746688.html>
92. Ялчин Р. 2018. Еуразия өңірі туралы ақпараттық-талдамалық басылым және аттас ғылыми журнал. Еуразия эксперт.
93. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/press/news/details/456355?lang=kk>
94. РИА ақпараттық басылым. <https://ria.ru/20160113/1358967845.html>

95. The international Asia today ақпараттық басылым. <https://theasiatoday.org/news-ru/central-asia-ru/узбекистан-и-афганистан-договорилис/?lang=ru>
96. Халид, Т.А. (2021). Исламабад ЕАЭО мен «белбеулер мен жолдарды» біріктіруге мүдделі – пәкістандық сарапшы. Ғылыми журнал. Еуразия эксперт. <https://eurasia.expert/islamabad-zainteresovan-v-sopryazhenii-eaes-i-poyasa-i-puti/>
97. Tribune, индиялық басылым. Үнді трейдері тауарларды Пәкістан мен Ауғанстан арқылы Өзбекстанға экспорттайды (2022), <https://www.tribuneindia.com/news/nation/in-a-first-indian-trader-exports-goods-to-uzbekistan-via-pak-and-afghanistan-378624>
98. ҚР СІМ ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/region-news/details/13213?lang=kk>
99. Qaztrade ресми сайты. <https://qaztrade.org.kz/rus/kazakhstan-i-pakistan-obsuzhdayut-sozdanie-sovmestnoj-eksportno-importnoj-kompanii/>
- 100.
101. Панфилова В. (2022) Керуен Ауғанстан аумағы арқылы «Оңтүстік Азия – Орталық Азия» көлік дәлізі арқылы жүкпен өтті. Независимая газета. https://www.ng.ru/cis/2022-03-21/5_8396_uzbekistan.html
102. Еуразия Даму Банкі (2022) https://eabr.org/upload/iblock/d0b/EDB_2022_Report-3_The-Economy-of-SA_rus.pdf
103. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми сайты, (2022) Үкіметте Қазақстанның инвестициялық саясатының 2026 жылға дейінгі жаңа Тұжырымдамасы бекітілді. <https://primeminister.kz/ru/news/novuyu-koncepciyu-investpolitiki-kazahstana-do-2026-goda-utverdili-v-pravitelstve-2355843>
104. ҚР Президентінің ресми сайты (2022) Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия-Қытай» мемлекет басшыларының саммитіне қатысты. <https://www.akorda.kz/ru/prezident-kasym-zhomart-tokaev-prinyal-uchastie-v-sammite-glav-gosudarstv-centralnaya-aziya-kitay-2505054>
105. Erai Eurasian Rail Alliance Index ресми сайты, (2021) Қазақстан өзінің транзиттік әлеуетін табысты іске асыруды жалғастыруда <https://index1520.com/news/kazakhstan-prodolzhaet-uspeshno-realizovuyat-svoy-tranzitnyy-potentsial/>
106. Азиялық даму банкі ресми сайты. (2021) ОАӨЭЫ елдерінде Порттар мен логистика. https://www.carecprogram.org/uploads/Ports-and-Logistics-Scoping-Study-in-CAREC-Vol-II-RUS_web_6APR_reduced.pdf
107. Қазақстанның ақпараттық агенттігі «АПК Новости» <https://apk-news.kz/news/item-191>

№	Экономикалық дипломатия әдістерінің түрлері	Сипаттама
1	Жағдайды талдау:	Ол эмпирикалық материалды жинақтау және бастапқы жүйелеу үшін қолданылады. Аналитикалық әдістердің ең көп тарағандары: бақылау, құжаттарды зерттеу, салыстыру.
	Бақылау	Сұхбат, сауалнама және т. б. арқылы алынған ақпарат негізінде жүргізіледі.
	Құжаттарды зерделеу	Ресми құжаттар: дипломатиялық және әскери ведомстволардың баспасөз қызметтерінің хабарламасы. Мемлекет қайраткерлерінің сапарлары туралы, әртүрлі құрылымдардың жарғылық құжаттары және т. б. Бейресми құжаттар: жазбаша, аудио және аудиовизуалды көздер, жеке тұлғалардың пікір жазбалары, отбасылық мұрағаттар. Мұның бәрі дипломатиялық келіссөздерде, ресми сапарларда болуы мүмкін.
	Салыстыру	Басқа мемлекеттердің тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік береді. Аумақты салыстыру, халық, Экономикалық даму деңгейі, әскери әлеует, шекара ұзындығы
2	Тарихи әдіс	Уақыттың дәйекті дамуындағы өмірдің барлық құбылыстарын зерттеуді, өткеннің, бүгіннің және болашақтың байланысын анықтауды талап етеді
3	Нормативтік-құндылық әдісі	Мемлекет үшін белгілі бір фактілердің, құбылыстардың мағынасын анықтауды, осы фактілерді немесе құбылыстарды елдің игілігі үшін бағалауды қамтиды. Бағалау әділеттілік немесе әділетсіздік, басқа елдердің халықтарын құрметтеу тұрғысынан беріледі.
4	Функционалды әдіс	Елдер немесе елдер тобы арасындағы қатынастардың тәуелділіктерін: олардың экономикалық немесе саяси қатынастарын, халықтың урбанизация дәрежесін, оның тығыздығын, саяси белсенділігін мұқият зерттеуді қажет етеді.
5	Институционалды әдіс	Сыртқы экономикалық және саяси қызмет – мемлекеттің, ұйымдардың, бірлестіктердің жұмыс істеуі жүзеге асырылатын экономикалық дипломатия институттарының қызметін зерттеуге бағыттайды.
6	Экспликативті әдіс	Белгілі бір саяси қайраткердің немесе шешім қабылдаушылардың белгілі бір саяси мәселені қалай қабылдайтынын және нақты жағдайды қалай көретінін талдауға бағытталған.

7	Болжау әдістері	<p>Қарапайым болжау әдістері: аналогия бойынша қорытынды, қарапайым экстраполяция әдісі, Дельфий әдісі, сценарий құру.</p> <p>Күрделі болжау әдістері: детерминанттар мен айнымалыларды талдау, жүйелік тәсіл, модельдеу, хронологиялық серияларды талдау, спектрлік талдау, компьютерлік модельдеу.</p>
8	Жүйелік әдіс	<p>Зерттеу объектісін оның бірлігі мен тұтастығында ұсынуға мүмкіндік береді, өзара әрекеттесетін элементтер арасындағы корреляцияны табуға көмектеседі, өзара әрекеттесудің "ережелерін", халықаралық жүйенің жұмыс істеу заңдылықтарын анықтауға көмектеседі.</p>
9	Модельдеу	<p>Элементтері мен қатынастары нақты Халықаралық құбылыстар мен процестердің элементтері мен қатынастарына сәйкес келетін жүйелер болып табылатын жасанды, идеалды, қиялдағы объектілерді, жағдайларды құрумен байланысты.</p>

Сурет 2. Экономикалық дипломатияның әдістері

Ескерту – автор дереккөз бойынша құрастырған [15, 55 б.]